

Тарих біздің халқымыздың
тағдыр-талайына жаңа
мемлекет құрудың
ұлы миссиясын жүктеді.

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



ОНЛАЙН-
САНАҚТАН
ӨТІҢІЗ!

3

АКИМАТ-LIFE



ӘКІМ ТАПСЫРМАЛАРЫ
ОРЫНДАЛЫП
ЖАТЫР

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.09.2021

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

15.09.2021

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №110 (6086) 14 қыркүйек, сейсенбі, 2021 жыл.

КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Республикалық штабта Алматыдағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал
және медициналық қызметтің сапасын арттыру шаралары қаралды



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Тоғжановтың төрағалығымен өткен КВИ-дің таралуына жол бермеу жөніндегі республикалық штабтың отырысына Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев және Денсаулық сақтау министрі А.Цой қатысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров хабарлағандай, қалада коронавирусқа қарсы тұрудың моделі және ковидке қарсы іс-әрекет бойынша жүйелі жұмыс қалыптасты. Жедел жәрдем мен алғашқы медициналық-санитарлық бөлімнің жұмысы қайта форматталды, инфекциялық стационарлар дерт жұқтырғандардың ауырлық жағдайына қарай эшелондарға бөлінді. Телемедицина орталығының мамандары үйдегі пациенттерді бақылайды.

2

ӘКІМ

АЛМАТЫНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Тарихи сәулет ансамблі сақталады



Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары барысында қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру мен туристік әлеуетті дамыту барысын тексерді. Әкім өзінің Instagram-дағы парақшасында скверлерді қалпына келтіру, қонақүйлер салу және тау туризмі үшін жайлы жағдай жасау жайына тоқталды.

Мегаполистегі аты аңызға айналған «Неделька» фонтаны қалпына келтірілді. Скверлер көркейіп, туристерге де жайлы жағдай жасалады.

2

ҚЫСҚА...

- Елімізде Халыққа қызмет көрсету орталығы, ірі сауда орындары мен Қазпошта бөлімшелерінде халық санағынан онлайн өтуге арналған 3 мыңнан астам санақ бұрышы ашылды.
- Халық санағындағы сауалдың басым бөлігі – тұрғын үй-жайға арналған. Ол қаланың Бас жоспарын түзету үшін өте маңызды.
- «Е-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында айыппұл тексеру функциясы пайда болды.
- Қазақстанда вакцина өндіретін екінші кәсіпорын іске қосылды.
- 2050 жылы еліміздегі 10 адамның 7-еуі қалада тұратыны болжанған.
- 15 қыркүйек күні сағат 8.00-ден 24.00-ге дейін «Жетісу-1», «Жетісу-2», «Жетісу-3», «Жетісу-4» ықшамаудандары, сондай-ақ «Достық» ықшамауданындағы Ұлағат көшесіндегі тұрғын үйлер мен ғимараттарға суық су беру уақытша тоқтатылады.

www.almaty-akshamy.kz





КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Республикалық штабта Алматыдағы санитарлық-эпидемиологиялық ахуал және медициналық қызметтің сапасын арттыру шаралары қаралды



(Басы 1-бетте)

Барлық ковидті госпитальдер медициналық газдар, медициналық қалдықтарды кәдеге жарату және ағындарды залалсыздандыру жүйесімен жабдықталған. Медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтау ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 91%, ал Алматыдағы анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерінің жабдыкталуы 100%-ды құрайды.

Қабылданған шаралар инфекцияның төрт толқынын жеңуге және КВИ бойын-

ша санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Бұл ретте жоспарлы медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Аналар өлім-жітімін азайту бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу жөнінде шаралар қабылданды, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді төмендету бойынша іс-шаралар жоспары жасалды.

Медициналық қызмет көрсету сапасы мен халықтың қанағаттанушылығын, медициналық ұйымдарды корпоративтік

басқарудың тиімділігін арттыру шаралары да жүргізілуде. Медициналық кадрлардың жетіспеушілігін азайту үшін жол картасы бекітілді және биыл алғаш рет қала әкімінің гранттарына 120 резидентті қажет мамандықтар бойынша оқыту үшін қаржы бөлінді.

Кеңес барысында денсаулық сақтау вице-министрі А.Ғиният, Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы А.Есмағамбетова баяндама жасады.

Кеңесті қорытындылай келе, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Тоғжанов бірқатар проблемалық мәселені айтып, оларды шешу үшін шаралар қабылдауды тапсырды. Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жұмысын күшейтуі қажет. СЭБД эпидемиологиялық зерттеулердің сапасын жақсарту қажеттілігі көрсетілді. МӘМС қалалық филиалына мегаполис тұрғындарын медициналық сақтандырумен қамту бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

Е.Тоғжанов Алматы қаласының медициналық қауымдастығына КВИ-мен күресуге қосқан үлесі үшін алғысын білдірді, сонымен қатар медициналық қызметтердің сапасын жақсарту, мониторинг топтарының жұмысын күшейту және халықты вакциналау бойынша бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘКІМ

АЛМАТЫНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Тарихи сәулет ансамблі сақталады



(Басы 1-бетте)



ӘСЕЛ
ДАҒЖАН

«Неделька» субұрқағын қоса алғанда Абай атындағы Опера және балет театры алдындағы алаңды жаңғырту жұмысы аяқталуға жақын. Мұндағы басты міндет – тарихи сәулет ансамблін сақтай отырып, маңайды қалпына келтіру еді. Ол үшін шамдар, субұрқақ аркалары мен «абажур», айналасындағы плиталар қалпына келтірілді. Барлығы сол кезде түсірілген суреттегідей. Кіреберістегі жойылған субұрқақ қалпына келтірілді. Жаңа келбетке ие болған кеңістік қала тұрғындарының көңілінен шығатынына күмәнім жоқ. Сонау 60–70 жылдардағы Алматының атмос-

ферасын еске түсіреді», – деді Б.Сағынтаев.

Сонымен қатар, негізі 2005 жылы қаланған Тұңғыш Президент Қорының жанындағы скверді қайта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Скверде 80 орындық, қоқыс жәшігі және тұрғындардың өтінішімен санитарлық-гигиеналық торап орнатылады. Балаларға арналған ойын және спорт алаңын құру жоспарда бар. Сыртқы жарық жүйесін жүргізу үшін 4 шақырым кабель төселіп, 147 шам орнатылады. Автоматты суару жүйесі үшін 5 шақырым құбыр ауыстырылып, суаруға арналған екі бөшке салынады.

«Жаңа жайлы орын – Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының алдындағы алаң болмақ. Онда жасыл қорды жаңарту және жол жамылғысы, орындықтар, жарықтандыру жұмыстары

да аяқталуда, біз субұрқақты қалпына келтіреміз», – деп жазды қала әкімі.

Сондай-ақ, Үлкен Алматы өзені – әл-Фараби даңғылындағы көпір кеңістігі өзгертілмекші. Онда көшеде тамақтанатын орын және көше кинотеатры ұйымдастырылады. Өзенде жасанды сарқырама мен көру алаңы орнатылған. Пандустардың арқасында бұл орын мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де қолжетімді болмақ.

Бұлардан бөлек, шаһар басшысы №128 мектептің спорттық инфрақұрылымын жаңғырту барысын көрді. Мұнда қазіргі заманғы ашық спорт алаңдарынан өзге, жыл бойы қолжетімді жабық футбол алаңдары салынуда. Сонымен қатар, қала әкімі жаңа Holiday Inn Express қонақүйі және демалушылар мен туристерге жайлы жағдай жасалған Аюсай визит орталығының инфрақұрылымын тексерді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл «Жұмыспен қамту» бағдарламасы арқылы

21 000

алматылық жұмысқа орналасты.



Қаланың барлық аудандарында тегін спорт секциялары мен үйірмелері бар.

100

демалыс орталығы жұмыс істейді.



Алматыда жыл басынан бері

132 мың

адам әлеуметтік көмек алды.



Оңтүстік астананың өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі –

782,9 млрд. теңге.



Мегаполисте жыл басынан бері

1 189,7

мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



**Ермахан
МАҚСАТҰЛЫ,
ағылшын тілі
пәнінің мұғалімі:**

– Қазіргі Қазақстан – тәуелсіз, егеменді, демократиялық мемлекет, тұрақты экономикасы мен болашаққа жоспары бар. Бүгінде Қазақстан өзінің құқықтары мен мақсаттарын батыл түрде жариялады. Тәуелсіздік алғалы экономика, ғылым, мәдениет дами бастады. Әрине, дағдарыстан шығу, жұмыссыздықты жеңу оңай болған жоқ. Бірақ біз бұл қиындықтардан өттік. Аяққа тұрдық, енді еліміз алға жылжиды. Мемлекеттің бейбіт саясаты, зияткерлік және экономикалық әлеуеттерді дамыту – болашақтың кепілі.



**Жанкүміс
ІЗБЕРГЕН,
«Jas Otan» жастар
қанатының мүшесі:**

– Биыл Қазақстан халқы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қауымдастықтың беделді қатысушысы ретіндегі жас ел тарихының жаңа беттері басталды. Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім мемлекеттік органдардың белсенді және үйлесімді жұмысына, азаматтардың шығармашылық қызметіне негізделген заманауи қазақстандық шындықтың басты өзегі болып табылады. Қазақстан тарихи аренаға жаңа тәуелсіз мемлекет, толыққанды қатысушы, әлемдік саясаттың субъектісі, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі ретінде енді. Егемен Қазақстанның алғашқы Конституциясы ұлттық-мемлекеттік тәуелсіздіктің негізін қалады. Ел тәуелсіздігі Қазақстан халқының нағыз рухани жаңғыруына бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер ашты. Ғасырлар мен ондаған жылдар бойы ұмытылған тұлғалардың есімдері мен жәдігерлері оралды, мемлекеттік тіл қайта жанданды. Көптеген сынақтар мен қиындықтарды басынан кешірген Қазақстан бүгінде аяғынан нық тұрып, болашаққа сеніммен қарайды.



**Шарапат
ҚОЖАХМЕТОВА,
студент:**

– «Өз-өзін тапқан адам өзгенің пікіріне бағынышты болудан арылады», – деп Георгий Александров айтқандай, еліміздің қашан да тәуелсіздікті аңсап, соның жолында тынбай күресуі нәтижесінде ешкімнің ықпалына көнбейтін қуатты мемлекет болып әлем сахнасынан көріне бастадық. Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына мыңдаған жылдар кеткеніне көз жеткіземіз. Жерімізге көз тіккен сыртқы жаулармен жан аямай шайқасқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты батырларымыздың ерлігі, өр тұлғасы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен астасып жатқан ұлан-ғайыр даланы ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін қаншама батырлар жан қиды. Туған елінің болашағы, егемендігі үшін тер төккен аға ұрпақтың биік рухы ұлы жеңіске алып келді. Тәуелсіздік сол үшін де құнды, қастерлі.

**Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.**



**Әсел
ДАҒЖАН**

13 қыркүйек күнгі жағдай бойынша елімізде 2 041 876 респондент санақтан онлайн өтті.

Оның 1 756 002-сі sanaq.gov.kz сайтында, 203 672 Egov порталында тіркелу арқылы жауап берсе, 82 202 адам санаққа «Aitu» қосымшасы арқылы қатысқан. 12 күннің қорытындысымен Алматы облысы алда тұр. Мұнда 204 805 тұрғын санақтан өткені жайлы хабарлама алған. Онлайн-санақтан өткен тағы 194 697 адам Алматы қаласында тіркелді. Үздік үштікті Қызылорда облысы түйіндеді. Мұнда 173 847 адам санақ сауалдарына жауап берді. Бұл көрсеткіш бойынша әзірге соңғы екі орынды Маңғыстау және Атырау облыстары еншілеп тұр. Бұл өңірлерде сәйкесінше 46 191 және 35 542 адам санақтан өткен. Ал жергілікті халық санына шаққандағы санақтан өткендердің үлесі бойынша Қызылорда облысы алда тұр. Мұнда азаматтардың 21,1% сауалдарға жауап берген (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 823 052 адам тіркелген). Бұл көрсеткіш бойынша Павлодар облысы екінші орында. Мұнда тұрғындардың 17% бүгінге дейін санақтан онлайн-режимде өткен (1 тамыздағы жағдай бойынша өңірде 749 754 адам тіркелген).

Ұлттық статистика бюросы азаматтардың белсенділігі үшін ал-

САРАПШЫ ПІКІРІ

Тұрмыс сапасына әсер етеді



**Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА**

Елімізде 1 қыркүйекте Жалпы халық санағының екінші кезеңі басталды. Айдың соңына дейін ресми сайтта онлайн-режимде сұрақтарға жауап беруге болады. Ал офлайн сұхбат 1 қазаннан басталады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы Еркін Ноғайбаев халық санағы не үшін қажет, ол қандай міндеттерді орындайтыны туралы айтты.

Сарапшы санақтың былтыр өтуі тиіс екенін, бірақ пандемияға байланысты бұл мерзім 1 жылға кейінге шегерілгенін еске салды.

«Санақты осы жиілікке сәйкес өткізу өте маңызды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Біздің елде халық санағы соңғы рет 2010 жылы жүргізілді. Санақ нәтижесінде алынған мәліметтер елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жоспарлары мен бағдарламаларын нақтылы жасау мемлекеттік мүдде тұрғысынан маңызды», – деді Е.Ноғайбаев.

Оның пікірінше, санақ – мемлекеттің болашақта табысты дамуы үшін қажетті шара екенін, тұрғындардың өмір сүру сапасына әсер ететінін қалалықтар мен ел тұрғындары түсінуі керек.

«Санақ мәліметтерінің жиынтығы біздің халықтың өмір сүру аспектілері мен ерекшеліктерін қамтиды. Сіздің үйіңіз

қандай материалдан салынғандығы туралы сұрақ бар. Кейбіреулер бұл сұрақты дұрыс түсінбеді, бірақ жауап өте қарапайым – тұрғын үй салынған материалды талдай отырып, жалпы тұрғын үй қорының жай-күйі, біздің азаматтардың өмір сүру жағдайы туралы қорытынды жасауға болады. Сұрақтардың диапозоны мүмкіндігінше алуан түрлі, алынған мәліметтерді талдағаннан кейін жан-жақты сараптама алуға болады», – деп атап өтті сарапшы.

Санақ мәліметтері ғалымдар, демографтар, әлеуметтанушылар және т.б. үшін өте маңызды.

Е.Ноғайбаев кез келген әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары әзірленген кезде зерттеулер әдетте белгілі бір нақты бағытқа – білімге, денсаулық сақтауға, ауыл шаруашылығына әсер ететінін ескеру қажет екенін атап өтті.

«НҰРЛЫ ЖЕР»

Тұрғын үй қоры жаңғыртылуда

Өткен аптада «Nur Otan» партиясының депутаттары «Нұрлы жер» бағдарламасы аясындағы жұмыстардың қаншалықты жоспарға сай атқарылып жатқанымен танысты



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейіржан Отыншиев құрамында қалалық мәслихат депутаттары Ерболат Қасымов, Әміржан Нәбиев, Максим Финюгенов және Қоғамдық кеңес мүшесі Қазбек Шайх бар топ мүшелері бағдарлама негізінде қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын бақылау үшін тұрғын үй объектілерін аралады.

Арнайы топ алдымен Масаншы көшесіндегі №79 тұрғын үйдің шатырына, кіреберісіне, қасбеті және инженерлік желілеріне күрделі жөндеу жүріп жатқан нысанды көрді. Кесте бойынша бұл жұмыстар 10 қазанда аяқтау жоспарланып отыр.

Ал Әуезов көшесіндегі №11 үйдің тұрғындары, өз кезегінде, бағдарлама аясында лифт қондырғысын ауыстыруға шешім қабылдады. Қазіргі кезде мұндағы жұмыстар аяқталып, оны тұрғындар мен басқарушы орган қабылдап алды.

Жароков көшесіндегі №201 тұрғын үй «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жаңартылды. Мұнда шатырға, кіреберіске, қасбет пен электрмен жабдықтау желілеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі күні жөндеу жұмыстарын тұрғындар мен басқарушы орган қабылдап алған. Бұл жұмыстар қаланың тұрғын үй қорын жаңғырту жақсы қарқынмен жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Жеделсатылар 90 пайызға жаңарды

Жалпы, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша биыл жоспарға сәйкес, 152 тұрғын үйде 334 жеделсаты ауыстырылуы тиіс. Бүгінде оның 304-і жаңартылды. Депутаттар тарапынан бұған байланысты ешқандай мін айтылмады. Тек жұмыс қарқынын алдағы уақытта да бәсеңдетпей, 2025 жылға дейін шаһардың барлық жеделсатыларын ауыстыру жоспарын орындау тапсырылды.

Қалалық тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Данияр Қырықбаевтың айтуынша, Алматыда биыл жаңартылуы тиіс жеделсатының 90 пайызы ауыстырылып, көппәтерлі тұрғын үйлерді жөндеу жұмыстарының 65 пайызы аяқталған.

Жалпы, 2011–2020 жылдар аралығында тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында 1 мың 339 үй қамтылып, 15 миллиардтан астам қаржы игерілген. Биыл 130 көппәтерлі тұрғын үйде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінде оның сексенінде жұмыс жүріп жатыр. Тексеріс тобы қаладағы тұрғын үйлердің біріне барып, мердігер ұйым өкілдерімен тілдесіп, құрылыс материалдары сапасымен де танысып қайтқан болатын.

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейіржан Отыншиев тексеру барысында жеделсатыларға қатысты ешқандай кемшілік анықталмағанын мәлімдеді. Бірақ тұрғын үйлердің жөндеу жұмыстары бойынша бірқатар ескертулер бар екенін айтты. Сонымен қатар, барлық жұмыстарды күн суымай аяқтауды жеделдетуді тапсырған сала басшылары берілген жұмыстардың барлығы ұдайы бақылауда болатынын жеткізді.

Естеріңізге сала кетейік, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша үйді жөндеуден өткізу үшін тұрғындар ең алдымен өздері ақылдасып, «Тұрғын үй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өтінім тастауы қажет. Кейіннен халыққа мердігер ұйым өкілін таңдау құқығы беріледі. Жауапты мамандар әуелі нысанды тексеріп, жүргізілуі тиіс жұмыстарды бекітеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

• 2011–2020 жылдар аралығында 1 мың 339 үй жөндеуден өтіп, 15 миллиардтан астам қаржы игерілген.

• Алматыда «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 304 жеделсаты жаңартылды

• Биыл 130 көппәтерлі тұрғын үйде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.



Ғылымға серпін береді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында елдің алдағы бағыты айшықталды. Соған орай, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жақында өткен ғылыми кеңесі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» төңірегінде өрбіді.



Нұрдаулет АҚЫШ,
филология ғылымының докторы:

Тың дүниелер айтылды

Мемлекет басшысының кезекті Жолдауында нақты істер айтылды. Дәлірек, экономиканы өркендету, ар жағында мәдениет пен өнер саласында бірқатар жақсы өзгерістер болмақ. Соның ішінде өмірін ғылымға арнаған біздер үшін ілкімді пікірлер айтылды. Негізгісі ол – базалық жалақы. Институттар бұдан былай 5 жылдық мерзім бойынша жұмыс істейтін көрінеді. Осы аталғандар көптің көңілінен шығып жатыр. Халқымыз зор ықыласпен қабылдауда. Қысқаша айтқанда, ел іргесі бүтін, болашағымыз жарқын болсын!



Айжан ҚҰРМАНБАЙ,
PhD докторанты:

Жас ғалымдар маңызын ұғынуда

Ғылым мен ілім ізденіп жүрген біздерге осы жолғы Жолдаудың орны ерекше. Жыл сайынғы атқарылып жатқан игі істер жетерлік. Десе де, ЖІӨ-нің 1 пайызын ғылымға бөлу көзделген екен. Бұрын-соңды ғылымға мұншалық көңіл бөлінбеген еді. Бұл – үлкен қуаныш болды. Өйткені, 1991 жылға дейін ғылым саласында 40 мыңнан астам маман жұмыс істеген. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, соңғы кездері бұл көрсеткіш 8 мыңға дейін төмендепті. Біздіңше, бұдан былай ілім іздеген жастар легі көбейеді. Сан бар жерде сапаның да болатынын, бәсекенің нығаятынын ескерсек, ғылымның дамитыны да сөзсіз. Болашақтың кілті білімді, білікті, алғыр әрі патриот қаракөздеріміздің қолында. Ендеше, ел ертеңіне сеніммен қарауға шақырамын. Алар асуымыз алда болсын!

Ғұлама данышпан бабамыз Жүсіп Баласағұн «Үйренер нәрсең – білім және ұғым», – депті. Жоғарыдағы пікірлер де осыған саяды. Халық игілігі үшін жарияланған Жолдау елдің ертеңін айшықтай берері анық.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

МӘДЕНИЕТ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Жолдау киногерлер көңілінен шықты

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында көптеген өткір және өте маңызды мәселелерді қозғайды. Соның ішінде әлеуметтік, экономикалық және гуманитарлық мәселелерден басқа тағы да бір үлкен мәселе – мәдениет саласына қатысты көптеген ой-пікірлерін білдірді. Және біршама тапсырмаларды алға қойды.

Осы орайда, Ұлттық киноны қолдау орталығының бас продюсері Адай Әбелдинов өз пікірімен бөлісті.

«Біздің қуантатыны – бұл мемлекет тарапынан бүгінгі таңдағы мәдениет саласындағы жас буын өкілдеріне қолдау көрсету. Бәріміз көріп, біліп отырмыз, қазіргі таңда әлемдік сахнада, әлемдік нарықта, әлемдік экранда еліміздің жастарының әлеуеті үлкен. Олар әрдайым өз күштерімен көзге көрініп, жақсы нәтижелер көрсетуде. Әрине, олардың шығармашылық жоспарларына мүмкіндік беріп, жолдарын ашу керек. Біз Президентіміздің бұл пікірімен толықтай келісеміз және үлкен қолдау білдіреміз. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының негізгі саясаты да осыған бағытталған. Әсіресе, осы биылғы кино-жобалар конкурсында жастардың шығармашылығына басымдық беріп отырмыз», – дейді Адай Құнанбайұлы.

ҰКҚМО-ның Бас продюсерінің айтуынша, биылғы жылы өте көп жобалар келіп түсті, барлығы – 510 жоба қарастырылып, оның 175 питчинге жолдама алды (рекордтық көрсеткіш). Әсіресе, тарихи тақырыптарда, қоғамдық мәселелерді көтеруде, ұлттық болымсыздықты дәріптейтін, мәдениетімізді, әдебиетімізді көрсететін және ұлы тұлғаларға арналған жобалар өте көп. Және оның көп бөлігі жастардан.

«Ең бастысы, жастардың осы тақырыпқа ден қоюы. Біздің алдағы мақсатымыз – осы жас кинематографистерді қолдап, оларға мүмкіндік беріп, олардың шығармашылық дарындарын әлемге паш ету үшін көмектесу. Біз, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы, қолымызда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Президент тапсырмаларын орындауға дайынбыз», – деді Адай Әбелдинов.

Атап айтсақ, өткен жылғы конкурс қорытындысы бойынша 39 жоба мемлекеттің қаржылық қолдауына ие болған. Олардың ішінде жас режиссерлер түсірген 5 дебюттік, 9 қысқа метражды фильм, 5 анимациялық және 4 толықметражды фильм бар. Сол конкурсқа қатысып, жеңімпаз атанған жас киногерлердің бірі, тәуелсіздігімізбен құрдаас режиссер Алдияр Байрақимов та Жолдауда көтерілген мәселелермен толығымен келіседі.

«Мәдениет өте маңызды. Мәдениет болмаса, өркендеген, мықты, дені сау қоғам болмайды. Өнер саласындағы жас мамандарды қолдау мәселесі көтерілгені өте қуанышты. Мен өзім кинода жұмыс істеймін. Бұрын жас режиссерлерге толықметражды фильмге бюджет алу қиына соғатын. Қазір мұндай мүмкіндік Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының пайда болуымен іске асырылуда. Өткен жылы мен «Паралимпиадашы» атты толықметражды фильмді егер оларға өздерін дәлелдеуге мүмкіндік берсе, бұл мәдениетке де, жалпы елге де үлкен пайда әкелуі мүмкін», – дейді жас режиссер.

Айта кетсек, осы жылғы қыркүйек айында болатын питчингке жіберілген қатысушылардың арасында «Авторлық кино» (шамамен 75%), «Анимация» (85%) және «Кен ауқымы көрермендер аудиториясына арналған фильмдер» (80%) секцияларында жастар саны басым.

Дайындаған Р.ҚҰРМАНБАЙ.

Серік НҰРМҰРАТОВ,
философия ғылымының докторы, профессор

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев биылғы жаңа оқу жылының басталуымен сәйкес келген өзінің күні кешегі Жолдауында қоғамымыздың барлық салаларын қамтитын әлеуметтік, экономикалық және рухани өркендеудің сындарлы бағдарларын жариялады. Жолдауда көптеген проблемалар ауқымы сыни талдаудан өткізілді. Мәселен, қазіргі таңда өзектеніп отырған маңызды мәселелер қатарына ауыл шаруашылығы, цифрландыру, денсаулық сақтау, ғылым мен білім саласын дамыту, аймақтардың мәртебесін айшықтау, демократияландыру үдерісін тереңдету, саяси жаңғыру процестерін кеңейтіп, ауыл әкімдерінен кейін аудан әкімдерін сайлауға өту, ұлттың келісімі мен өзара татулығын маңыздандыруды жатқызды.

Жолдауда ғалымдардың орнықты және сапалы жұмыс істеуіне жағдайлар жасалатыны жөнінде нақты тұжырымдар айтылды. Еліміздің көрнекті ғалымдары өздерінің құнды пікірлерін бұрын да айтып келген еді. Міне, осы бағыттағы жаңашыл қадамдар еліміздегі ғылыми процестің пәрмендірек болуына іргетас қалайды деген ойдамыз.

Қазақстан қоғамын жаңғыртудың мәдени және құндылықтық негіздерін, оның жаңа цифрлық жағдайдағы тұрақты дамуын ғылыми негіздеу – еліміздің ғалымдарының алдындағы абыройлы міндет. Қазақстанның мәдени-құндылықтық парадигмасын және оның рухани-адамгершіліктік дамуын зерттеулерге баса назар аударылып, оларға ғылыми талдаулар жасалуға тиіс.

Ғылыммен айналысуды жаңаша тұрғыда ұйымдастыру біздің ұлттық ғылымымыз бен мәдениетімізді заманауи кезеңде жаңғыртатын анық. Рухани түлеу процестеріне үн қосып, жаңа заман алып келген қайшылықтар мен қиындықтардың, қауіп-қатерлердің алдын алатын сапалы ғылыми-практикалық ұсыныстар беретін, бәсекелестікке төтеп бере алатындай инновациялық технологиялар жасайтын тарихи кезең де келді. Ұлттың рухани жаңғыруы, негізінен, прогрессивтік жолға тірек болуға қабілетті қазақстандық қоғамның біртұтасқан рухани мәдениетімен және оның материалдық құндылықтарын қалыптастырумен және экономикасының инновациялық әлеуетімен астасып жатады. Демек, қазіргі әлемнің жаңа жағдайларында Қазақстанның орнықты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуде жаңаланған технология мен азаматтық жауапкершіліктің маңызы мен рөлі орасан зор. Прогресс жолында болудың үлкен талабы бар.

Қазақстанның орнықты және тұрақты дамуы үшін және мемлекет басшысының Жолдауының мәнінде көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін мамандардың кәсібилігі, шеберлігі және азаматтық жауапкершілігі қажет екендігі орынды айтылды. Соңғы уақытта,



өкінішке қарай, қоғамда келеңсіз оқиғалар мен жауапкершіліктің төмендеуі сияқты деректер жиі көрініс бере бастады. Міне, осындай заманда зиялы қауым өкілдерінің салиқалы ойлары әлеуметтік желілерді зияткерлендіруге үлес қосуы керек. Сондықтан қазіргі таңда ақпараттық кеңістікте сындарлы белсенділік танытатын азаматтар қатарына ғалымдар қауымы да қосылғаны жөн.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми мамандары өздерінің зерттеулерінде Қазақстан Республикасының біртұтас мәдениеті бар мемлекет екенін жан-жақты дәлелдеумен келеді. Тарихи қалыптасқан рухани құндылықтарын жоғары деңгейде бағалаған ел ғана басқалардың алдында қадірлі бола алады. Қазақстандықтар гуманистік құндылықтарды өрбіткен қауымдастық ретінде әлемдік тарихи процесте өзінің беделін барынша сақтап қалуға тиіс. Жалпы, әлеуметтік прогресс жолында үйлесімді қатынастарды өрбіту барлық азаматтарымыз үшін қажет түбегейлі және маңызды парыз екені айқын.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АШАДЫ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын «АлЭС» акционерлік қоғамының мүшелері де талқылады.

Іс-шараға компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері онлайн-режимде қатысты. Алғаш сөз алған басқарма төрағасы Ерлан Кирикинбас алдымен ел Президентінің Жолдауына қатысты ойларын бөлісті.

– Мемлекет басшысының ел дамуы үшін жасалатын қадамдарды қадап тұрып айтуы көпшіліктің көңілінен шықты деп ойлаймын. Жолдауда пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму, білім, ұлтаралық татулық, халықтың тұрмысы, жалақының өсуі, т.с.с. мәселелерді қозғауы өзіндік нақтылығымен, маңыздылығымен ерекшеленді. Қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар қарайым халықтың еңсесін көтерді. Өйткені, халықтың тұрмысы жайлы болса, мемлекет іргесі мықты болады, – деген басқарма басшысы, одан әрі компанияға қатысты бірқатар шараларға тоқталды.

– Біз үшін таяудағы 5 жыл ішіндегі ең маңызды нәрсе – Алматы 2-ЖЭО алаңында бу-газ қондырғысының құрылысын жүргізу, 3-ЖЭО жаңарту және 1-ЖЭО кеңейту. Бүгін біз қалыпты жағдайда жұмысты жалғастырудамыз. Дейтұрғанмен, барлық бірлескен күш-жігерімізді қажетті құжаттарда бекітілген мерзімде аяқтауға жұмсауымыз қажет. Ең бастысы, келесі жылы біз құрылыс алаңына шығуымыз керек! – деген басқарма төрағасы, – біздің станцияларымыздың құрылысы мен жаңартылуы ең озық технологияларды таңдауға сүйенуі тиіс. Біз де, балаларымыз да таза ауамен тыныс алуға толық құқылы! Осы орайда, біз өз үлесімізді қосуымыз керек. Үлкен бе, кішкене ме – бұл маңызды емес. Ең бастысы, біз алдымызға қойылған барлық міндеттерді абыроймен орындауымыз керек! – деді.

Жолдауды талқылауға компания жұмыскерлері де белсене атсалысты.

– Жолдауда біз қоғамның алдағы реформаларға қатысты сурақтарға нақты жауап таптық. Негізгі, Мемлекет басшысы әрбір бөлімде жеке адамның мүд-



десіне қатысты мәселелер қозғайды: табысты арттыру, тұрмысы наиар отбасыларға арналған әлеуметтік көмек, білім беру, денсаулық, спорт, – деді «Энергожөндеу» ӨЖК жылу окшауламасын жөндеу учаскенің шебері Наталья Усаченко.

Батыс жылу кешені жылу автоматикасы және өлшеулер цехының ЭКЕАЖ және ДТБЖ жөніндегі аға шебері Роман Крайнов Президенттің кезекті Жолдауы пандемия кезінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани және саяси дамуының жаңа мүмкіндіктерін іздестірудің маңызды бағдары болып табылатынын атап өтті.

– Энергетика саласының қызметкері, депутат, ең бастысы, ел азаматы ретінде Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыруға өз үлесімді қосуға дайынмын. Қазақстанның стратегиялық дамуы, халықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайының өсуі, күрделі мәселелердің оң шешілуі осы Жолдаумен тікелей байланысты. Егер әрбір азамат Жолдауды қолдап, елдің дамуына өз үлесін қосса, көптеген қиындықты бірге еңсере алатынымызға сенемін, – деді Күрделі құрылыс және трансформация жөніндегі басқарушы директор Бағдәулет Үстенов.

ҚР Президентінің Жолдауын жүзеге асыру аясында кәсіподақ ұйымының алдында тұрған міндеттерге 3-ЖЭО кәсіподағының төрайымы Гүлнар Жаманбаланова тоқталды.

Онлайн форматта өткен іс-шараның барлық қатысушылары ҚР Президентінің биылғы Жолдауы қуатты, әрі мықты мемлекет құру үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын, болашақта Қазақстан халықтарының әлауатының одан әрі өсуін онымен байланыстыратынын атап өтті.



AKIMAT-LIVE:

Қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру Әкім тапсырмалары орындалып жатыр



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жалпы, кез келген қалада немесе ауылда болмасын абаттандыру жұмыстары жыл он екі ай жүргізілуі тиіс. Ғимараттар мен тұрғын үй қасбеттерін жаңарту, шатырларын ауыстыру, көшелер мен аулаларды көгалдандыру, қала аймағын таза ұстау үшін сенбіліктер өткізу жұмыстары кезең-кезеңімен үнемі ұйымдастырылғанда ғана айнала жарқырай, жайнай түседі.



Негізі 2005 жылы қаланған Тұңғыш Президент Қорының жанындағы скверді қайта құру жалғасуда. Содан бері мұнда жөндеу жұмыстары жүргізілмеген екен. 80 орындық, қоқыс жәшігі және тұрғындардың өтінішімен санитарлық-гигиеналық торап орнатылады. Балаларға арналған ойын және спорт алаңын құру жоспарда бар. Сыртқы жарық жүйесін жүргізу үшін 4 шақырым кабель төселіп, 147 шам орнатылады. Автоматты суару жүйесі үшін 5 шақырым құбыр ауыстырылып, суаруға арналған екі бөшке салынады.

Алматыдағы өзекті мәселелердің бірі – абаттандыру. Қаланың келбетін сақтай отырып, тарихи маңызы бар ғимараттарды заманауи үлгімен қайта өңдеудің, ескісін жаңартып, қалпына келтірудің маңызы зор. Бұл бағытта бүгінде шаһарда атқарылып жатқан жұмыс көп. Солардың бірі ретінде кеше ғана күрделі жөндеуден өткен «Неделька» субұрқағын айтуға болады. Аты аңызға айналған субұрқақтың алматылықтар үшін орны бөлек. Себебі, оның жағасында жай

ғана серуендеп жүрудің өзі ғанибет дейді алматылықтар. Субұрқақ қала әкімінің тапсырмасы аясында қайта өңдеуден өтіп, қайта қалпына келтірілді.

Осы тұста біз жақында Алматыға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келіп, жалпы қалада жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстарына оң баға бергенін айта кеткеніміз жөн. Ел Президенті қала басшысына әр ауданда тұрғындардың демалысы мен еркін жүріп-тұруына қолайлы заманауи

алаңқайлар салуға көңіл бөлуді тапсырғаны да қаланың дамуына тың серпін бергендей.

Алып шаһарда қала тұрғындарының өміріне қолайлы жағдай туғызу үшін жаяу жүргіншілер аймағын және көпжұмыртқалы тұрғын үйлерге іргелес аумақтарды абаттандыру, балалар алаңдары мен ауладағы спорт алаңдарын салу, арық жүйесі мен жарықтандыруды жөндеу жұмыстары қарастырылған. Бүгінде қала келбетіне әдемі көрік беретін қоғамдық кеңістіктерде жүргізіліп жатқан абаттандыру жұмыстары ауыз толтырып айтарлықтай.

● Көгалдандыру бағытында да ауқымды жұмыстар жетерлік. Мәселен, «Жасыл Алматы» бағдарламасы аясында қалада 480 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Көктемде 64 мың ағаш егілген. Ал жалпы, жыл соңына дейін 350 мың көшет отырғызу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі қаланың шеткі аудандарында өсетін болады. Негізінде, ағаштарды егу жұмыстарын барлық мекеме өкілдері де қолға алған жөн. Олар өздеріне тиесілі ғимараттардың маңын көгалдандырулары шарт. Сонда Алматы нағыз жасыл қалаға айналары сөзсіз. Жасыл экономика басқармасы бүгінде жасыл желекті күтіп-баптауда, жасыл қорды сауықтыруға және биоәртүрлілікті сақтауға көшкен. Алматының жасыл желектерін суландыру үшін жаңа скважиналар салынды. Суармалы арық торабына инвентаризация жүргізілді. Суару жұмыстары күшейтілді. Одан бөлек, шаһарда заңсыз құрылыстарды сүру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл Алматыны абаттандыру бойынша атқарылатын жұмыстардың жартысы ғана.

● Жексенбі күні Халықаралық жастар күні мерекесіне орай «Jas Otan» жастар қанатының еріктілері Сайран су қоймасында плоггинг өткізді. Яғни волонтерлер топ-топқа бөлініп, сайыс түрінде жерді қоқыстан тазартты. Қалалық «Jas Otan» жастар қанаты төрағасының орынбасары Әкежан Кеңесовтің айтуынша, қаланың ластануы және қоқыстардан тазарту мақсатында өткізілген акцияның ерекшелігі жай ғана сенбілік емес, бұл – плоггинг. Бұл тіркесті көпшілік түсіне бермеуі мүмкін. Плоггинг дегеніміз – жастардың бірігіп командаларға бөлініп, қоқысты жүгіріп жүріп жинауы.

● Үлкен Алматы өзені – әл-Фараби даңғылындағы көпір кеңістігі өзгертіледі, онда көшеде тамақтанатын орын мен көше кинотеатры ұйымдастырылады. Өзенде жасанды сарқырама мен көру алаңы орнатылған. Пандустардың арқасында бұл орын мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді болады.

● Бүгінде Алматыда қала тұрғындары өздері тұратын ауданға не қажет екенін өздері ұсынатын «Бюджетке қатысу» жобасына өтінім беру жалғасып жатыр. Әр ауданға қомақты қаржы бөлінетін жобаға жергілікті бюджеттен 6,4 млрд. теңге қарастырылған. Жоба аясында қала халқы тұрмысының жақсаруы жолындағы жоспарлар мақұлданады. Атап айтсақ, аулаларды абаттандыру, саябақтар мен скверлер салу, спорт алаңдары тұрғызылып, көшелерге жарық орнату. Бұл жобаның ерекшелігі де осында. Сондай-ақ, қаланы абаттандыру мақсатында «Үздік аула» байқауы ұйымдастырылған. Оның жеңімпаздары алдағы Қала күні мерекесінде анықталатын болады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

«Орындықтар, жарық көздері секілді безендіру элементтері ыңғайлы әрі қала тұрғындарына ұзақ уақыт қызмет етуі үшін жоғары сапалы материалдарды пайдалануды қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ, бұл жабдықтар қазіргі және жаңадан құрылған қалалық кеңістіктердің сәулеттік келбетіне сәйкес болуы тиіс».



Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының алдындағы алаңдағы жасыл қорды жаңарту, жол жамылғысы, орындықтар, жарықтандыру жұмыстары аяқталуда.



Керек дерек

● Алматыда
2,6 миллион ағаш бар.

● Арықтардың жалпы ұзындығы 1525
шақырымды құрайды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ЗАМАНАУИ ИНДУСТРИЯЛЫҚ КЕШЕН



Динара
МУРАТ

тәулігіне 30 тоннаға дейін киім-кешек өңдейді

Қызметкерлер саны көп өндірістік нысандар, қонақүй кешендері мен денсаулық сақтау нысандары, жолаушылар тасымалы қызметтері үнемі төсек жабындары мен арнайы киімдердің таза болуын талап етеді. Транспорттермен, қуатты тоннель кір жуғыш машинасымен және үтіктеу жабдығымен жабдықталған индустриялық кір жуу қызмет нысандары аталған талаптарды орындайтын бірден-бір кәсіп түрі. Ал сіз Орталық Азиядағы кір жуу қызметін көрсететін ең ірі нысан Алматыда орналасқанын білесіз бе? Осы мақаладан сіз өндірістегі жұмыс қалай ұйымдастырылғанын, оның барысында қандай құралдар қолданылатынын білетін боласыз.

Орталық Азиядағы кір жуу қызметін көрсететін ең ірі нысан Алматыда орналасқан

Жұмыс барысымен ішінара танысу үшін біз Алматы қаласы аумағында өнеркәсіптік мақсатта кір жуу және химиялық тазалау бойынша қызмет көрсететін «Сервис Казахстан» компаниясында болып қайттық. 2017 жылы негізі қаланған кәсіпорын 2019 жылы «ҚТЖ» ҰК» ұйымдастырған тендерді ұтып алды. Жүктелген тапсырысты өтеу мақсатында алдымен Jensen маркалы заманауи өнеркәсіптік кір жуғыш машинаны арнайы сатып алған. Нәтижесінде бұл нысан Орталық Азияда неміс техникасы бар жалғыз кәсіпорын атанды.



Заманауи индустриялық кір жуу кешені тәулігіне 30 тоннаға дейін киім-кешекті өңдейді. Тасымалдау, жуу, кептіру, әрлеу және жинау процесі барынша автоматтандырылып, негізгі процестің 70%-ын құрайды. Кәсіпорын тоқтаусыз, тәулік бойы 3 ауысыммен жұмыс істейді. Адам қолымен жасалатын жұмысқа әр ауысымда 35–40 адам жұмылдырылған. Мұның барлығы өнеркәсіптің нарықтағы елеулі салмағын аңғартады.

Өнеркәсіптік кір жуу бөлмесінің жұмыс дағдыларын түсіну үшін оны киімді өңдеудің белгілі бір кезеңдерін жүзеге асыратын бірнеше өзара байланысты аймақтарға бөлуге болады. Компанияның бас инженері Нұржігіт Оспанханұлы бізді барлық аймақтарда атқарылатын қызмет түрлерімен таныстырды.

Алдымен кір жуу барысында қолданылатын құрал-жабдықтарға тоқталайық. Өнеркәсіптік кір жуатын орынның технологиялық жабдығы – бұл тәулігіне бірнеше тонна тоқыма бұйымдарын өңдеуге қабілетті қуатты мамандандырылған агрегаттар, атап айтқанда:

- Лас киім жинағыш;
- Автоматты сұрыптау жүйесі;
- Кір жуатын-сығатын машина;
- Туннельді кір жуғыш машина;
- Сығу пресі және сығу центрифугасы;
- Өнеркәсіптік кептіру машинасы;
- Транспорттер;
- Таза киімді автоматты сұрыптау жүйесі;
- Өндірістік үтіктеу каландрлары мен катоктар;
- Фасонды бұйымдарға арналған фиништік кабиналар;
- Жиналмалы құрылғылар.

Әрине, әрбір кәсіпорын бірегей және ол үшін қондырғылардың тізімі өндірістің болжамды көлеміне, қызмет ерекшелігіне және басқа да факторларға байланысты қалыптасады. Алайда, біз болған кәсіпорында



жоғарыда айтылған жабдықтардың барлығы дерлік бар. Қызметкерлер тек автоматтандырылған жүйелерді бақылауда ұстап, үтіктеу машиналарына жуылған кірді салу мен таза төсек жабдықтарын сұрыптаумен ғана айналысады.

Кәсіпорынға кіре бергенде кір аймақ саналатын сұрыптау орнына тап боласыз. Онда жастық тысы, төсек жаймасы мен көрпе тысы бөлек-бөлек арнайы төрт транспорттерге салынады. Кейіннен компьютерлік жүйеде барлығы онлайн көрсетіліп, кірді өзі жууға жібереді. Ескеретін жағдай, сұрыптау мен жуу қондырғылары орналасқан кір аймақ пен одан кейінгі процесс жүретін таза аймақтан бөлектенген және әр бөліктің қызметкерлері бір-бірімен араласпайды.

Транспорттермен көтерілген төсек жабдықтары келесі кезекте біртіндеп негізгі туннельді кір жуғыш машинаға түседі. Онда бас инженердің айтуынша, 16 секция бар. Ішінде кәдімгі үйде қолданылатын кір жуғыш машинада-



ғыдай кір айналып, барлық секциялардан өтеді. Ерекше тұсы – машинаның көлемі. Әрине, тонналаған кірді жууға шамасы келер машина түрлері кемде-кем.

Келесі кезекте туннельден шыққан жабдықтар түкті сүзетін арнайы құрылғыға жіберіледі. Нәтижесінде төсек жабдықтары барлық артық заттардан, түктер мен қалдықтардан арылады.

Кір аймақтағы барлық процестің соңы – сығу пресі. Мұнда әр 150 секунд сайын жуылған кірлер «таблетка» күйінде сығылып шығады. Әр таблетканың салмағы 60 килограмды құрайды. Сығу пресі 90%-ға автоматтандырылған, оның іші-сыртында болып жатқан әрекеттердің



барлығы компьютер экранында көрсетіледі. Яғни адамдар мұнда машинаны бақылау үшін ғана қажет.

Таза аймақта қызметкерлер арнайы киімдер мен аяқ-киімде болады. Яғни жуылған жабдықтар еш жерде кірлеп қалмауы керек. Мұнда бірінші процесс – жуылған киімдер екі кептіру конвейеріне жіберіледі. Ескеретін тағы бір жағдай – қалыпты ылғалдылық мәселесі. Конвейерден шыққан төсек жабдықтарының ылғалдылығы міндетті түрде 40% болуы тиіс. Себебі, үтіктеу каландрында дұрыс кептірілмеген кірлер құрғақ болып шықпайды, ал ылғалдылығы төмен бұйым күйіп кетуі мүмкін. Мұнда да арнайы есептеу жүйелері қолданылады. Яғни компьютерде айналу жылдамдығы, кірдің салмағы мен кептіру температурасы барлығы ескеріледі.

Ылғалдылық қалыпты болған жағдайда кептірілген төсек жабдықтарды арнайы қызметкерлер үтіктеу каландрына жайып салады. Төсек жаймасын каландрдың үстінде орналасқан вал басып, астындағы қыздырылған «мульда» (темір) үтіктеп шығарады.

Одан кейін дайын жаймалар түр-сипатына байланысты 10 данадан сұрыпталып, жылжымалы сөрелерге салынады. Қалған жұмыстың жүгі ауыр емес. Дайын төсек жабдықтарын бүктеп, сізге таныс полиэтилен пакеттерге салу ғана қалады.



Оңтүстік Қазақстан бойынша барлық темір жолы бағыттарын таза төсек-жабдықтарымен қамтамасыз ететін компания тапсырыс көлеміне байланысты қажетті комплекті арнайы көлікпен жеткізеді.

Жалпы, жуу процесінде қолданылатын химиялық тазарту құралдары Бельгиядан алынады екен. Арнайы бөшкелерде кір жуғыш ұнтақтан бастап, кондиционерге дейін 9 түрлі химия түрлері сақталған. Әрқайсысының әр секцияда өзінің көлемі белгіленеді. Нұржігіт Оспанханұлының түсіндіргені бойынша, қолданылатын химияның көлемі есептелмейді, оның сапасы ғана бағаланады. Яғни 100 төсек жабдықтың 3%-дан астамы шала жуылса, химия өнімдерін тасымалдаушы компания қателікті түзеуге міндетті, ал қаншама көлемде жұмсалып жатқаны маңызды емес екен. Барлық ұнтақ түрлері арнайы дозаторлар арқылы туннельге құйылады.

Өнеркәсіптік мақсатта кір жуу мен химиялық тазарту бойынша орталықтар біз үйренген кір жуатын бөлмелер немесе кішігірім химиялық тазарту орындары сияқты кең таралмағаны анық. Нарық кеңістігі аз, оған қатысушылар мен өнеркәсіптік кір жуу жабдықтарын өндірушілер де көп емес. Әсіресе, пандемия кезінде теміржол қызметінің тоқтауы біздегі кәсіпорынның қалыпты өміріне өзіндік өзгерістер әкелді. Тапсырыс көлемі азайып, жұмыс процесі баяулатылды. Дегенмен, мемлекет деңгейінде, жергілікті биліктен көрсетілген арнайы көмек түрлері өнеркәсіптің тоқтап қалмауына, қарапайым адамдардың жұмыстан шығып қалмауына оң септігін тигізді. Мысалы, 2020 жылы компания «Bank RBK» АҚ арқылы 14,5%-бен 452,7 млн. теңге несиеленді. Несиені «Даму» қоры «Бизнесің жол картасы–2025» бағдарламасының екінші бағыты аясында субсидиялап, қазір 14,5%-дық несиені кәсіпорын 6%-бен төлеп отыр. Айырмасын мемлекет өтейді.

P.S.:

Міне, мемлекет тарапынан көмек көрсетілген бірегей кәсіпорындағы оң өзгерістер осындай. Қаламызда бұдан бөлек, тамырын тереңге жайған, тәуелсіздікпен тұспа-тұс келер тарихы бар көптеген ірі кәсіпорындар мен шағын, орта бизнес нысандары жетерлік. Олар жайлы алдағы нөмірлерде айтатын боламыз.





ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Жуырда ару Алматы күнін мерекелейміз. Сан бояулы, мың жасаған шаһардың бет-бейнесі күн санап көркейіп, түрленіп келеді. Сондықтан кім-кімнің де Алматы туралы айтары болуы заңды. Бүгін біздің төрімізден шаһардың мәдени, рухани келбетін жасауда аянбай еңбек етіп жүрген театр артистері сөз алады.

Алматыдай қала көп емес

Айдос БЕКТЕМІР, ҚР еңбек сіңірген әртісі, М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының артисі:



— Алматыдай қала жер бетінде көп емес. Шаһардың орналасқан жерінің өзінде қолмен жасағандай табиғи сұлулық бар. Бейнебір Алатаудың алақанында орналасқандай көрініс береді.

Алматы — мәдени қала. Біздің шаһардай үлкен мегаполисті мәдениет пен руханият ордасын қазақ өнерінің шаңырағы әкемтеатр — М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының елестету, әсте, мүмкін емес. Театрдың мәдени өркендеуіне үлес қосып келе жатқанына да ғасырға жуық уақыт болды.

МӘДЕНИЕТТІ МЕГАПОЛИС



Ең әсем қала

Әсем ҚАШАҒАНОВА, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы:



— Алматы — мен үшін ең әсем қалалардың бірі. Қыркүйектің үшінші аптасында жыл сайын қала көлемінде тойланатын қала күнімен тұрғындар мен қонақтарды шын жүректен құттықтағым келеді. Қазіргі пандемиялық жағдайға байланысты қаламыздың мәдениетіне көптеген өзгеріс енгізіліп, бірқатар жаңалық болып жатқанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Индеттің өршуіне жол бермеу үшін жасалған шектеулерге байланысты қаламызда ғана емес, әлем бойынша әртүрлі шаралар қолға алынды. Театрлар, музейлер, тағы да басқа мәдени ошақтар уақытша жабылып, келушілерге шектеулер қойылғанымен, театр сүйер көрермен мәдениет пен өнерден қол үзіп қалған жоқ. Қала тұрғындары мен қонақтары үшін театр пандемия кезінде де онлайн-режимде қызмет етті.



Өнер ордасы

Нұржамал ӘБІЛҚИЯСҚЫЗЫ, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы:



— Еліміздегі мәдени, өнер қаласы деп алдыңғы қатардағы шаһар — Алматыны айта аламын. Қаладағы басты мәдениет ошағы — театр. Театрлардың жылдан-жылға көрермені артуы қуантады. Әрбір қойылған қойылымның өз көрермені бары рас. Демек, қала тұрғындары, әсіресе, жастар арасында театрға деген ықылас ерекше деген сөз. Қойылым арқылы ұлттық құндылықты дәріптеп, көрерменге рухани әсер қалдырсақ, бұл — біздің қала мәдениетіне қосқан үлесіміз деп білеміз. Шаһардың рухани-мәдени дамуында театрдың алар орны қашан да ерекше болып қалмақ.

Сұхбаттасқан Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАР

Алматы ажарын айшықтаған келісті ғимараттар көп



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Биыл оңтүстік астананың Верныйдан Алматы атауына өзгергеніне 100 жыл толды. 1921 жылы алманың, оның ішінде сирек кездесетін апорт ағашының көптігіне орай Алма-Ата деп өзгертілген. Сол себептен болар, қаланы Тянь-Шань жоталарының етегінде орналасқан «бақша-қала» деп атап кеткен. Археологиялық зерттеулерге көз жүгіртсек, қазіргі Алматының орнында ертеректе сақтар, кейінірек үйсін, орта ғасырда дулат тайпалары өмір сүрген. Сол кездердің өзінде-ақ елдімекендер мен қалашықтардың атауы Алмалық пен Алматы болған деседі.

Қаланың атауы жеміс ағашымен байланысты екені алманың көптігінен

екендігі баршамазға белгілі. Бұрындары Алматыдан қонаққа келгендерден алманың хош иісі аңқып тұратын деседі. Себебі, тұрғындардың барлығы дерлік, көшеде мәуелеп тұрған жемісті қалағандарынша жеп, қала берді күтімі жақсы, бұзылмағандарын қысқа арнап бүгіндей сақтап, ал әжелеріміз түрлі тосаптар әзірлегенін айтады.

Алматының ең басты символы атанған алма, оның ішінде Алматы апортының тарихы бірқатар ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне арқау болған. Алма бейнесі қаламызды әлемге танытып қана қоймай, шаһардың шырайын аша түсуде. Олай дейтініміз, алма жемісімен байланысты қаламызда салынған ғимараттар, демалыс орындары көптің көңілінен шығып, ерекше әсер қалдыруда.




Алматы іргесіндегі Бәйдібек би ауылының маңында әсем алма бақтары бар. Алмалы баққа келген әрбір адам апорт алмасының шығу тарихы, баптау тәсілдері жөніндегі мағлұматтарға қанық болады.



1967 жылы салынған 8 қабатты «Алматы» қонақүйі бүгінде көпшілікке «Almaty» атауымен танымал. Сырттан келген қонақтарды заманауи дизайнымен баурап алатын ғимарат — қала сәнін арттырып тұрған нысанның бірі.



Бұдан бөлек, баршамазға таныс «Апорт молл» атанып кеткен сауда орталығы жайында сөз қозғай кетсек. Халықпен етене жұмыс атқарып, тиімді бағадағы тауарлар ұсынып, көңіл көтеретін демалыс орнына, қала берді жалынды жастар мекеніне айналған.



2005 жылы Көктөбеде бой көтерген алма пішіндес «Тілектер су бұрқағы» қаланың символын бейнелеп қана қоймай, қала қонақтары мен тұрғындары тілек тілейтін киелі мекен іспетті. Мегаполисте бұдан өзге де ерекше ғимараттар мен ойын-сауық орталықтары бар. Біз бүгін солардың ішіндегі ең таңдаулыларына тоқталдық.

ТЕАТР

Берекелі мереке



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Отбасы күніне орай, өткен жұма, сенбі күндері Мемлекеттік қуыршақ театрында Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мен Мемлекеттік қуыршақ театрының ұйымдастыруымен көңілді мерекелік іс-шара өтті. Қуыршақ театры 11 қыркүйекте театр репертуарындағы «Алтын балапан», ал 12 қыркүйекте «Қызыл телпек» қойылымын ұсынды. Спектакль алдында театр аниматорлары мен Мәдениет басқармасы аниматорларының қатысуымен түрлі қызықты, танымдық ойындар ұйымдастырылды. Мерекеге орай балаларға арналған сый-сияпат табысталып, түрлі отбасылық сынып сағаттары өтті. Қойылымнан кейін цирк әртістерінің қатысуымен ойындар ойнатылды. Сондай-ақ, барлық бүлдіршінге Алматының символына айналған апорт алмасы таратылды.



Данияр ӘЛИЕВ,

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары:

Қазақша «Отан — отбасынан басталады» деген сөз бар. Кез келген отбасының басты құндылығы — бала тәрбиесі. Пандемияға дейін «Отбасы күні» қалада кең көлемде атап өтілетін. Ал биыл ахуалға байланысты өте көп мерекелік іс-шараны қысқартып тастадық. Бүгінгі іс-шараның өтуі де барлық санитарлық талаптың сақталуын ескеріп, ұйымдастырылып отыр.

Қала бойынша Мемлекеттік қуыршақ театрында өткізілген шара — балалар үшін отбасылық құндылықтың бастауы десек болады. Театрда ұйымдастырылған сынып сағаттары салт-дәстүрге сай ұлттық өнерді насихаттауды да тыс қалдырмады.

Оразәлі АҚЖАРҚЫН, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Алматы қаласы Мемлекеттік қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі:

Әлемде балаларға арналған барлық қойылымның түпкі мақсаты — баланы мейірімділікке, әділдікке, сұлулыққа тәрбиелеу. Бүгін бүлдіршіндерге Орловтың «Алтын балапан» қойылымын ұсынамыз. Бұл қойылымның сапасы жақсы болған болуы керек, әлі күнге дейін сұранысқа ие. Бізде қойылымдар жас шамасына қарай көрсетіледі. Ал бұл қойылымның жасы — шексіз. Яғни 3 жастағы бала да, тіпті 13 жастағы бала да қабылдай береді. Әні де, биі де, балаларға арналған жарқ-жүрқ еткен әдемі көріністері бар. Ойлы, терең философиялық қойылымдар болады. Соның ішінде «Алтын балапан» — ерекше қойылымдардың бірі.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ФУТЗАЛ

ТАНЫС ҚАРСЫЛАС ТАҒЫ ЖЕҢІЛДІ



Қазақстан құрамасы әлем чемпионатын сәтті бастады. Жеребе бойынша, отандастарымыз алаң несі Литва құрамасымен және Венесуэла, Коста-Рика командаларымен бір топқа түскен еді. Дода қарсаңында бапкер Рикарду Кака шәкірттерімен Ресейде оқу-жаттығу жиынын жасап, жергілікті құрамамен екі жолдастық кездесу өткізді. Жалпы, әлемдік рейтингте алғашқы ондыққа еркін енетін құрамымыз жарысқа сакадай сай аттанды.

Әрине, «әттеген-ай» да жоқ емес. Қазақстан құрамасы көшбасшыларының бірі Лео қазіргі сәтте тізесінің жарақатын емдеп жатыр. Бұл футболшы қатарда болса, Дугласпен қорғаныста қанаттаса ойнап, командамызды күшейте түсері сөзсіз еді. Дегенмен, оның орнын Біржан Оразов, Дәурен Нұрғожин сияқты талантты жастар жоқтатпайтынына сенеміз.

Әлем чемпионатында 24 команда сынға түсіп жатыр. Әр

топтан екі үздік құрама және үшінші орын алғандар ішінен көрсеткіші жақсы тағы төрт ұжым плей-офф кезеңіне жолдама алады.

УЕФА-ға мүше болғалы Қазақстан құрамасы әлем чемпионатына екінші рет қатысып отыр. 2016 жылы Колумбияда өткен сында отандастарымыз Е тобында Коста-Рика, Аргентина және Соломон аралдарымен бір топқа түскен еді. Алғашқы кездесуде аргентиналықтардан 0:1 есебімен жеңілсе де, кейінгі екеуінде Какау шәкірттері алты ұлайды еркін қанжығалады (Коста-Рика – 3:1, Соломон аралдары – 10:0). 1/8 финалда Испания құрамасымен ойын шиеленіске толы болғанмен, отандастарымыз 2:5 есебімен жеңілді.

Одан кейінгі әлемдік дода 2020 жылы Литвада ұйымдастырылуға тиіс еді. Бірақ бүкіләлемдік пандемия кесірінен бұл сын да бір жылға шегеріліп, биыл ғана қайта мүмкіндік туды.

Қазақстанның алғашқы қарсыласы бұрыннан таныс Коста-

Рика құрамасы болды. Отандастарымыз сыралғы қарсыласын 6:1 есебімен ойсырата жеңді. Шыңғыс Есенаманов 10 минутта есеп ашса, Дәурен Тұрсағұлов, Біржан Оразов, Дуглас үшеуі – бір-бірден, ал Тайнан қос доп соқты. Костарикалықтар Родригестің 12 минутта енгізген жалғыз добын ғана қанағат тұтты.

І турда Литва құрамасы Венесуэлага 1:2 есебімен есе жіберді. Енді 15 қыркүйекте Қазақстан – Литвамен, 18 қыркүйекте Венесуэламен кездеседі.

Бапкер Кака да, қорғаушы Б.Оразов та ірі есепке қанағат білдіргенмен, отандастарымыз әлі де ширай түсуге тиіс деп санайды.

Рикарду КАКА, Қазақстан құрамасының бас бапкері:

– Біздің команданың жолдастық кездесулердегі ойын деңгейін бүгін көрсете алмағаны байқалады. Әрине, әлем чемпионатында эмоция да, жауапкершілік те басқаша. Алғашқы кездесу болғандықтан, біз эмоциямызды тежей алмаған сияқтымыз. Өйткені, бір апта бұрынғы ойынмен салыстырғанда, бүгінгі қимылымыз солғындау. Бірақ ең бастысы, жеңіске жеттік. Чемпионат барысында өсе түсуге тиіс екенімізді сезінеміз.

Біржан ОРАЗОВ, Қазақстан құрамасының қорғаушысы:

– Әрине, таблодағы есепке қарап, бәрі жақсы деп өзімізді жұбатуымызға болады. Бірақ біз бүгінгі ойынымызға аса қанағаттана қойғанымыз жоқ. Ойластырылған комбинацияларымыз, пастарымыз көңілдегідей болмады. Бірақ бірте-бірте қалаған ойын өрнегімізді табатынымызға сенімдімін.

КҮРЕС



Токиодан кейінгі тартысқа аттанады

2–10 қазан аралығында Норвегияның Осло қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты өтеді. Бұл сынға қазақстандық балуандар алғашқы дайындық кезеңін аяқтады. Грек-рим күресінен Қазақстан командасының бас бапкері Бактияр Байсейітов Осло кілемінде Қорлан Жақаншаға (55 келі), Айдос Сұлтанғалиға (60 келі), Сұлтан Әсетұлына (63 келі), Алматы Кебісбаевқа (67 келі), Қаһарман Қисметовке (72 келі), Темірлан Шадуқаевқа (77 келі), Мақсат Ережеповке (82 келі), Нұрсұлтан Тұрсыновқа (87 келі), Ерұлан Ысқақовқа (97 келі) және Әлімхан Сыздықовқа (130 келі) сенім артып отыр. Токио Олимпиадасына қатысқан балуандардан бұл жолы Н.Тұрсынов қана кілемге шығады.

Еркін күрестен Қазақстан ұлттық құрамасы әлем чемпионатына Польшаның Закопане қаласында дайындалады. Олар жаттығуды 12 қыркүйекте бастап кетті. Әсет Серікбаев сенім артқан жігіттер: Мейрамбек Қартбай (57 келі), Адлан Асқаров (61 келі), Әділ Оспанов (65 келі), Сырбаз Талғат (70 келі), Нұрқожа Қайпанов (74 келі), Болат Сақаев (79 келі), Азамат Дәулетбеков (86 келі), Әділет Дауланбаев (92 келі), Әлішер Ерғали (97 келі) және Олег Болтин (125 келі). Олимпиадашылар арасынан Ә.Ерғали ғана жарысқа түседі.

Әйелдер құрамасы 26 тамыздан бастап Нұр-Сұлтан қаласында жиын өткізді. Әлем чемпионаты қарсаңында құрама мүшелері Минскідегі (Беларусь) Александр Медведь турниріне де қатысты. Бұл сында Э.Сыздықова (76 келі) қола жүлде иеленіп қайтты. Ослода Қазақстан атынан 8 балуан сынға түседі. Олардың ішінде жастар арасындағы әлем чемпионы Нилуфар Райымова да бар. Толық тізім мынадай: Асылзат Сағымбай (53 келі), Айша Уәлишан (55 келі), Нилуфар Райымова (57 келі), Диана Каюмова (59 келі), Аяулым Қасымова (62 келі), Айна Теміртасова (65 келі), Жәмилә Бакбергенова (72 келі), Эльмира Сыздықова (76 келі).

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы Нұр-Сұлтанда өткен әлем чемпионатында 3 күміс, 5 қола жүлде жеңіп алған еді.

ФУТБОЛ



«Қайрат»: атақты қорғау машақаты

Olimpbet–Қазақстан чемпионаты екі айлық үзілістен кейін қайта жалғасқанда, алматылық жанкүйерлер сенімі сөтінгендей болды. Шымкентке барған «Қайрат» командасы жергілікті «Ордабасыдан» 1:2 есебімен жеңіліп қайтты. Алғашқы жарты сағатта Абдулай Диакате мен Александр Клещенко соққан қос допқа алматылықтар екінші таймда Хосе Кантенің жалғыз добымен ғана жауап қайтарды.

Бұл Құрбан Бердыевтің бас бапкер ретіндегі алғашқы матчы еді. Чемпионаттың аяқталуына енді алты ойын ғана қалды. Қалған қарсыласының бәрін жеңген күннің өзінде, «Қайрат» негізгі қарсыластары «Тобыл» мен «Астанаға» жете алмауы мүмкін. Бұл турда «Астана» сырт алаңда «Ақжайықты» 1:0 есебімен жеңді, «Тобыл» «Қаспийден» 2:1 есебімен басым түсті. Қазір «Қайрат» пен «Тобыл» арасын – 8, «Қайрат» пен

«Астана» арасын 7 ұпай бөліп тұр. Чемпиондық мәресінде бұл айырмашылықтар зор рөл ойнауы ықтимал.

Өкінішке қарай, «Ордабасымен» кездесуде Айбол Әбікен алаңнан (36 минут) алаңнан қуылды. Талантты жас футболшы бұған дейін сәуір айындағы «Каспий» – «Қайрат» (1:1) матчының 35 минутында ойыннан аласталған еді. Жалпы, «Қайрат» – биылғы чемпионаттағы ең дөрекі команда есебінде. Әбікеннен бөлек, Вагнер Лав, Денис Поляков, Камо Оганесян да әр кездері алаңнан қуылған. Бердыев ең алдымен, командалық тәртіпке мән беретін маман десек те, оның тізгін қаққан алғашқы ойынында да алматылықтар дөрекіліктен танбай отыр.

Енді маусым соңына дейін «Қайрат» «Қызылжар» (өз алаңында), «Шахтер» (қонақта), «Ақжайық» (ө), «Ақтөбе» (к), «Астана» (ө), «Жетісу» (к) командаларымен кездеседі.


БОКС

Бөлтекұлының ізбасарлары

Ақтауда бокстан Шоқыр Бөлтекұлын еске алуға арналған XIII халықаралық турнир аяқталды. Бұл сын жанкүйерлер үшін ерекше қызықты. Қазақстан құрамасының жаңа бас бапкері Қайрат Сәтжанов осы жарыс нәтижелерін ескере отырып, алдағы әлем чемпионатына баратын құраманы жасақтайтынын айтқан еді. Ш.Бөлтекұлы турнирі бапкерлер құрамын біраз мәселеге қанықтырғаны анық. Бұл сынға 143 боксшы қатысып, 13 салмақ дәрежесінде сынға түсті.

Құрамаға бұрыннан кандидат ағайынды Төлтаевтар, әлем чемпионатының қола жүлдегері Ержан Жомарт, жаңа салмаққа ауысқан Махмұд Сабырханов, ағайынды Жақпековтер турнирде сәтті өнер көрсетті. Командалық есепте Маңғыстау облысы топ жарды.

Жарыс жеңімпаздары: Сәбит Даниял (48 келі, БҚО), Ержан Жомарт (51 келі, Түркістан облысы), Махмұд Сабырхан (54 келі, Шымкент қаласы), Оразбек Асылқұлов (57 келі, Ақмола облысы), Саматәлі Төлтаев (60 келі, Маңғыстау облысы), Санатәлі Төлтаев (63,5 келі, Маңғыстау облысы), Дарқан Дүйсебай (67 келі, Алматы облысы), Ермахан Жақпеков (71 келі, ШҚО), Аятулла Тәкіжанов (75 келі, Павлодар облысы), Нұрбек Оралбай



(80 келі, Нұр-Сұлтан қаласы), Оңталап Рахманов (86 келі, Қызылорда облысы), Айбек Оралбай (92 келі, Нұр-Сұлтан қаласы), Еркін Мұқаметжан (+ 92 келі, Атырау облысы).

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



БРИФИНГ



«ТӨРТІНШІ ТОЛҚЫН» ӘЛІ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Шаһарда екпе егу науқаны қарқынды жүреді. Бүгінгі таңда халықтың басым көпшілігі вакцина алған. Сондықтан болар, көпшілік орындарда вирусты жұқтыру деңгейі төмендеп, карантиндік талаптар жеңілдеді. Алайда, әлі де елімізде «төртінші толқынның» аяқталмағанын ескерсек, екпенің адам өміріндегі маңызын ұғынамыз.

«Ұжымдық иммунитет қалыптаспайынша, эпидемиологиялық ахуал жақсармайды», – деді С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ алғашқы медициналық-санитарлық көмек бөлімінің меңгерушісі, PhD философия докторы Динара Маханбетқұлова. Өңірлік ком-

муникациялар қызметі алаңында өткен брифингте. Ол вакцинадан кейін денеде тұрақты иммунитет пайда болатынын атап өтті. «Аурудан кейін қалыптасатын табиғи иммунитеттің күші адамдарда әртүрлі. Табиғи иммунитет ұзақ сақталмауы мүмкін. Вакциналау арқылы иммунитеттің дамуы оның табиғи пайда болуына қарағанда аз тәуекелге ие, өйткені COVID-19 жұқтырған кезде симптомдардың ауырлығын болжау мүмкін емес», – дейді. Сондай-ақ, Д.Маханбетқұлова дертті жұқтырудың барынша қауіпті жолы ауа тамшылары арқылы екенін, дем алған кезде вирус бірден тыныс жолдарына терең еніп, сол жерде тез көбейетінін, өкпеге әсер ететінін атап өтті. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша аурудың жеңіл түрі шамамен екі аптаға созылады. Аурудың ауыр және

асқынған түрлері бір жарым айға созылуы мүмкін. Адам сауыға бастағанда симптомдар жойылып, сараптама онала бастайды. Егер пневмония болса, онда компьютерлік томография белсенді дерттің төмендегенін көрсетеді. Айтарым, адам емделген соң тағы екі апта карантинде болуы керек. Себебі, ол вирустың тасымалдаушысы болып қала береді», – деді дәрігер.

Д.Маханбетқұлова коронавирустың орташа және ауыр түрімен ауырған барлық науқас оңалтудан өтуі керек деп есептейді. Оңалту кезеңінің ұзақтығы өкпенің зақымдану пайызына байланысты, яғни зақымдану көлемі неғұрлым үлкен болса, оңалту кезеңі соғұрлым ұзақ болады. «Ауыр КВИ-ден кейінгі оңалту аурудың клиникалық ерекшеліктерін, жеке және психологиялық факторларды ескере отырып, мүмкіндігінше ертерек, кешенді және ұтымды жүргізілуі тиіс. Пневмониямен ауыратын науқасты оңалту неғұрлым ертерек басталса, қалпына келтіру кезеңі соғұрлым қысқа болады және асқынудың ықтималдығы азаяды», – деді спикер.

Д.Маханбетқұлова вакцина алу нәтижесінде препараттың бірінші дозасынан кейін жеткілікті күшті иммунның қалыптасатынын айтты. Маман COVID-19-бен ауырған барлық пациентке жалпы емдеуші дәрігерге міндетті түрде баруды ұсынды.

#ЕКПЕАЛ

«Мен екпе алдым!»



Ақмарал БОРАНБАЕВА,
қала тұрғыны:

– Қаламызда ақпан айынан бастап вакциналау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Отбасымызда анам мен інім алғашқылардың бірі болып вакцина алды. Мен «Спутник V» вакцинасының екі бірдей компонентін алдым. Екпеден кейін оның ешқандай жағымсыз әсерін байқамадым. Вакцина алуға ешкім міндеттеген жоқ, өзім үшін, отбасымыздың амандығы үшін алдым. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын десек, қазірден бастап ойланп, індетке қарсы қоғамдық иммунитет қалыптастыруымыз қажет. Ал оның жалғыз ғана жолы – вакцина алу екенін түсіну керек.



Айзада НҰРБАЙ, студент:

– Екпенің бірінші дозасын жақында ғана алдым. Жасыратыны жоқ, денсаулығым алаңдадым, кері әсерін тигізсе қайтеміз деген ой болды. Бірақ кейін екпенің маңызын түсінгеннен кейін, ектіруге шешім қабылдадым. Менің ойымша, ештеңеден қорықпай тек алдағы жарқын болашағымызды ойлауымыз керек. Өзіміздің және жақындарымыздың денсаулығына жауапты екенімізді толықтай сезінуіміз қажет. Екпе алғаннан кейін дене қызуым көтеріліп, 3 күндей өзімді жайсыз сезіндім. Қазіргі таңда барлығы жақсы, еш жерімнен ауырсыну белгілері байқалмайды.

Әзірлеген Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ЭПИДМАУСЫМ

Тұмауға қарсы науқан басталады



Еліміз бойынша қыркүйек айының 15-інен бастап тұмау және өткір респираторлық вирустық инфекцияларға қарсы егілу басталады. Егу науқанын жүргізу үшін вакцинаның 2,5 млн. дозасы сатып алынды. Бұл

туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Мәріп Шоранов мәлімдеді.

Вице-министрдің айтуынша, ЖРВИ мен тұмау маусымы жақындап келеді, сондықтан алдағы эпидмаусымда вирустың үш штамы өзекті болады. Республикада жыл сайын тұмау вирусының айналымы жылдың 41-42 аптасынан, яғни қазан айының ортасынан басталады.

Мемлекеттік бюджет есебінен халықтың неғұрлым осал топтары – медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, жетім балалар мен атанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, сәбилер үйлерінің балалары және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша вакциналанады. Бұдан басқа, вакциналау жұмыс берушілердің қаражаты және халықтың жеке қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Тамаққа неге тәбет жоқ?

Баланың жасы 4-тен асты. Өз жасына сәйкес өсіп келеді, бірақ мені алаңдататыны, мүлде тамақ жемейді. Жалынып жүріп 1-2 қасық асты әрең беремін. Өйтпесем, күні бойы аш жүре беруге бар. Дәрігерге көрсетіп тұрамын, бірақ нақты себебін әлі түсіне алмадым.

Айгүл РАЙЫМҚҰЛОВА,
ата-ана.

Аида МҰҚТАРҚЫЗЫ,
дәрігер:

– Көп ата-ана баласының уақытында тамақ ішпейтінін, тәттіге құмар екенін айтып, кеңес сұрап жатады. Баланың тамаққа тәбетінің болмауы ағзасында қандай да бір дәрумен жетіспеуінен болуы мүмкін. Баланың бойы, салмағы жасына сай өсіп келе ме? Немесе тырнағы сынғыш, шашы сирек, тістері жиі бүлінетінін байқасаңыз, демек баланың ағзасына дәрумендер жетіспейді.

Сондай-ақ, баланың қаны аз болса да, бойында әлсіздік, тершендік байқалады, терісі бозарып тұрады, тамаққа тәбеті болмайды.

Баланың ағзасына қандай дәрумен жетіспейтінін білу, жалпы денсаулығын бақылау үшін кіші дәрет пен қан талдамасын тапсыру және дәрумендерге де анализ керек. Егер анализдері қалыпты, жақсы болса, асқазан, ішек жолдарын толық тексеріп, дұрыс тамақтануға қатысты мамандардың көмегіне жүгінген жөн. Бала дұрыс әрі уақытылы тамақтануы керек. Дұрыс тамақтанбаған баланың иммунитеті әлсіз, түрлі инфекция жұқтырғыш болады. Миының, сүйектерінің дамуы баяулайды, ас қорытуы бұзылады, сабақ үлгерімі төмендейді. Балаға зорлықпен тамақ ішкізуге болмайды. «Тамақты тауысып қойсаң, кәмпіт берем, телефонда ойын ойнайсың» деп алдау да дұрыс емес. Ең бірінші, өзіңіз күн тәртібін реттеп, балаға үлгі болуға тырысыңыз.

ЖАҢА МЕДКӘСІПОРЫН

«АНТИГЕН» екінші өндірістік алаңға айналды



Қазақстанда вакцина өндіретін екінші кәсіпорын іске қосылды. Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген елдің биоқауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмалары аясында «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорнының жұмысымен танысты.

COVID-19

«ASHYQ» АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АЛАЯҚТЫҚ

Кейінгі кезде «Ashyq» жобасына қатысты алаяқтықтың жаңа түрлері пайда болды. Мысалы, кейбір азаматтар қосымшаның өзіне кіріп кодты сканерлемей-ақ, қолдан жасалған фотосуреттерді қолдана бастады. Қалай дейсіз бе? Ғимаратқа кіруші адам кіреберісте аялдап, «Дамумед» немесе Kaspi.kz арқылы жүйеге кіргендей, сырттағы QR-кодты сканерлеген сыңай танытады. Шынында, күзетшіге ұялы телефонындағы мәртебесі «жасыл» деп жазылған фотошопталған суретті немесе қарапайым скринді көрсете салады. Бұл қулыққа тосқауыл қою үшін «жасыл» жыпылықтайтын жаңа нұсқасы енгізілуде. Бұл туралы «Атамекен» Ұлттық палатасы басқарма төрағасының орынбасары Ю.Якупбаева хабарлады. Нәтижесінде фотосуреттер мен скриндер жарамсыз болып қалмақ. Дегенмен, оның орнына енді видеолар қосылуы мүмкін. Цифрлық даму министрлігі қосымшаның жаңа қорғанышы, тіпті экранды бейнежазбаға жазу мүмкіндігін де бұғаттап тастайтынын хабарлады. Өзгерістер «Ashyq»-ты сканерлеуге мүмкіндік



беретін басқа қосымшаларға да таралды.

Сондай-ақ, қаскөйлер «Ashyq»-ты кәсіпкерлерден заңсыз ақша талап етуге жарата бастапты. Осы мақсатта «Ashyq»-тың жалған көшірмесі пайда болған. Сол арқылы алаяқтар жүйе арқылы салынған әкімшілік айыппұлды тез төлемесе, осы жобаға қатысуын шектейтінін айтып, бизнесмендерді қорқытуда. Бұл туралы «Атамекен» Ұлттық палатасының басқарма төрағасының орынбасары Олжас Ордабаев хабарлады. Фейк «Ashyq» кәсіпкерге «Төлемдер» бөлімінде «Айыппұлдар»

Қазіргі уақытта бұл кәсіпорын ҚР БҒМ Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының серіктесі саналады.

БҚПҒЗИ «Антиген» алаңын пайдалана отырып, медициналық вакцина, оның ішінде «QazVac» шығарудың толық циклі бойынша екінші өндірістік алаңды әзірлеп, іске қосты. Осы мақсатта Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен жеңілдетілген несие бойынша вакцина өндіруге арналған жаңа технологиялық жабдықтар сатып алынды. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында қуаты айына 1 млн. дозаға дейін жететін «Антиген» алаңында «QazVac» вакцинасының 300 мың валидациялық сериясы шығарылды.

Халықаралық сапа стандарттары кәсіпорынға өндірістің барлық учаскелерінде жоғары техникалық деңгейге, сапа мен сенімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Антиген» ФӨК «OtarBioPharm» ЖШС жанындағы биофармацевтика зауытымен қатар БҚПҒЗИ әзірлеген «QazVac» қазақстандық вакцинасын шығару бойынша екінші өндірістік алаңға айналды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

батырмасын басып, ЖСН бойынша айыппұлды төлеуді және түбіртек алуы ұсынады. Аңқау жандар қосымшада көрсетілген сілтемелермен өтіп, ақша аударады. Бірақ нағыз «Ashyq»-тың қызметін ұсынатын шынайы қосымша мен әлгі қос банк ол кәсіпкерлердің жүйе үшін төлем жасағанынан мүлдем бейхабар болады», – дейді. Шын мәнінде, жобаға қатысу бойынша шектеулерді жұмыс алгоритмі бұзылғанда шеттетілетіндігін ескергеніміз жөн.

Әзірлеген Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



Орын тапшылығы азаяды

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Алматыда 23 мыңнан астам оқушы орны ашылатын болды. Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев мегаполистегі мектеп тапшылығын азайту мәселесін басты назарға алып отыр.

Бұл туралы қала әкімі өзінің Instagram-дағы аккаунтында мектеп құрылысына ерекше көңіл бөлінетінін, жыл сайын бала санының артып келе жатқаны туралы баяндады. Шындығында, мегаполисте өмір сүру жағдайы жақсарып, демографиялық көрсеткіштердің өсу қарқыны байқалуда. Соның бір дәлелі, биылғы бірінші сыныпқа барған 30 мыңнан астам бала болса керек.

– Алматы, Наурызбай, Түркісіб аудандарында 12 600 орынды 8 мемлекеттік мектеп бой көтеріп жатса, олардың үшеуі жыл соңында ашылады, – деп жазды қала басшысы.

Сонымен қатар, мектепке жапсарлай салынып жатқан 17 корпусның үшеуі оқу жылының басында ашылды. Жақында тағы 6 ғимарат пайдалануға беріледі. Қалғандары қараша айының соңына дейін тапсырылуы тиіс.

Бұл ретте жаңа мектеп құрылысына жеке инвесторлар белсенділік танытуда. Бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

– Қала көлемінде 36 білім беру нысанының ашылуы мектептегі орын тапшылығын 23,3 мыңнан астам оқушыға азайтады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жұмыс жалғасын тауып, мектеп құрылысы жеделдетілмек, – деп атап өтті шаһар басшысы.

Дәл қазір қаламыздағы 287 мектепте 300 мыңға жуық оқушы білім алуда.

ЖОБА



Жақсылыққа не жетсін!

«Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық іс-тәжірибелерімен жалғасып келеді.

Биылғы оқу жылы өзіндік ерекшеліктерімен танылуда. Атап айтқанда, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға «Қоғамға қызмет» атты әлеуметтік еріктілер жобасы ұсынылған. Жобаның мақсаты – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыру. Бұл игі дәстүрден Алматы қаласы Әуезов ауданындағы №141 жалпы білім беретін мектеп те тыс қалмады. «Балаға қуаныш сыйла!» атты акция ұйымдастырылып, әлі де жалғасын тауып жатыр.

Аталған іс-шара аясында мектептегі мұғалімдердің ұйымдастыруымен және мектептен тыс ұйымдар демеушілерінің атынан әлеуметтік жағдайы төмен бірнеше отбасындағы оқушыларға мектепке қажетті оқу құралдары берілді. Осындай бір қиын кезеңде демеушілік жасаған әрбір азаматқа үлкен алғыс білдіре отырып, мүмкіншілігіміз болса, әр балаға қуаныш сыйлауға асығайық дегім келеді.

А.УСПАНОВА,
№141 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

АТА-АНА НАЗАРЫНА



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Психолог мамандардың пікірінше, оқу жылы басталып, мектеп табалдырығын енді ғана аттаған балалардың бірден жаңа ортаға, жаңа ұстазға үйренісуі қиынға соғады.

Адаптация кезінде олардың психикасы бұзылып, күйзеліске түсуі де әбден мүмкін. Тіпті, ағзасында да айтарлықтай өзгеріс болады. Баланың психикасы толық дамымағандықтан, жаңа, беймәлім құбылыстарды қабылдауы өте баяу жүреді. Жаңа ортаға бейімделуі үшін біраз уақыт ата-ана балаға көмектесуі керек.

Бір нәрсеге немесе кез келген ортаға бейімделу кезеңінен әрбір бала өтетіні белгілі. Негізі, «адаптация» ұғымы латын тілінен аударғанда, бейімделу, бір құбылысқа икемделу деген мағынаны білдіреді екен. Жаңа ортаға келген баланың күнделікті жағдайы, іс-әрекеті, тіпті мінезі күрт өзгереді. Сондықтан баланың өмірінде «бейімделу» өте күрделі құбылыс болып саналады.

МАМАН КЕҢЕСІ

Ақгүл ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ,
балалар психологі

Ата-ана демалыс алуы керек

Балабақшаға келген баланың жылауы ата-анасынан ажырау, белгісіз әлем сияқты кейбір қорқыныштардан туындайды. Мұндай жағдайда ата-ана мен мұғалімнің бірге болып, баланы тыныштандыруы ең маңызды мәселелердің бірі.

Ең бастысы, ата-ана балаға балабақша туралы шынайы ақпарат беруі керек. Әрине, баланы қызықтыру үшін балабақша мен мектептің жағымды жақтарын айту керек. Сондай-ақ, ережелермен, ол жерде өз кезегін күту, мұғалімді, достарын құрметтеу, ойыншықтармен бөлісіп ойнау, ұйықтайтын уақытын айту, т.б. деген сияқты ережелермен баланы алдын ала хабарландыру маңызды.

Балабақшаға барар алдында күнделікті жасалатын жоспарды сәл өзгерту керек. Кешкісін кеш ұйықтайтын баланы ерте ұйықтату, балабақшаның тамақтану уақытына сәйкес ас әзірлеу де көңіл бөлетін жағдайлардың бірі. Сондай-ақ, баланың теледидар және телефонмен өткізетін уақытын азайту керек. Баланың өзімен жиі әңгімелесу және мәселені шешу жолдарын бірге талқылаған дұрыс. Ата-ананың мектеп пен балабақша туралы көзқарасы балаға әсер етеді. Сондықтан ең бастысы, ата-ананың балабақшаға, мектепке, мұғалімге немесе тәрбиешіге сенуі, жағымды көзқараста болуы аса маңызды.

Күнделікті баланың көңіл күйін сұрау, баламен бір-екі сағат әңгімелесудің орны бөлек. Баланың ата-анамен сенімді қарым-қатынасы жақсы болып, бала кез келген ортаның қауіпсіз екенін білсе, ортаға оңай бейімделеді.

РОБОТОТЕХНИКА



Рая
ЕСКЕНДІР

Қашаннан жаңалыққа толы білім саласы соңғы жылдары робототехника ілімімен толығып, енгізіліп жатқан жаңа бағыттардың қатарына қосылды.

XXI ғасыр техниканың даму ғасыры болғандықтан адам өмірінде компьютер мен роботтың алар орны ерекше. Бүгінде республикамыздағы жүздеген мектеп пен ЖОО-да өте бастаған робототехника, яғни аралас пәннің құрамында тағы да бірқатар қолданбалы пәндер бар. Өйткені, болашақ робот құрастырушы ең алдымен математика мен физиканы, информатика мен сызуды, басқа да бірқатар ғылым саласын міндетті түрде меңгеруі тиіс. Сонымен, қазіргі таңда бұл пәннің қызықты өтетіні байқала бастағандай. Талай дарынды балаға оқығаны мен үйренгенін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік туып отыр. Әлемдік қолдауға ие болған осы бір ерекше мамандық қазақстандық балалар үшін де аса маңызды қадам болды.

Робототехника – роботтардың құрылысы, жұмысы мен қолдануымен айналысатын, олардың басқару, сезіну және мәлімет өңдеумен айналысатын механикалық, электр, электронды инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы деген ұғымды білдіреді. Робототехника роботтардан басқа автоматтандырылған техникалық жүйелер мен өндірістік үдерістердің ең жаңа техникалық жиынтықталуын әзірлеуді, қолдану жолдарын зерттейтін ғылым.

Бұл саланың ерекшелігі сол, автоматтандырылған машиналар, яғни роботтар қауіпті жерлерде адамдардың орнына жұмыс істей алады. Жалпы, робототехника сабақтары ерекше, қызықты, пайдалы болып есептеледі. Кез келген бала осы сабақ арқылы өзін дамытқысы келетін бағытты өз бетімен таңдауына мүмкіндік туады.

Робототехниканы үйрететін оқытушылардың қызығушылығы өте жоғары болып келеді. Олар үнемі өздерінің біліктілігін арттырып, болашақ үшін аса қажетті мамандықты меңгеруіне араласуда. Сондықтан олар робот техникасын ғылымнан гөрі шығармашылыққа жақын санайды. Оқытушылар процестің ойын формасында болуы балалардың қиын мамандықты оңай игеруіне жол ашатынына сенімді. Демек, білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы рөлі ерекше. Әсіресе, техникалық-шығармашылық үйірмелердің басқа үйірмелерге ұқсамайтын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор. Бұл ретте қаламыздағы «Оқушылар сарайы» мектеп оқушыларының

БАЛАНЫ БЕЙІМДЕУ

жас жеткіншектің жаңа ортаға бой үйретуіне бей-жай қарауға болмайды



Балабақшаға, мектепке алғаш барған баланың бойындағы мұндай мінез-құлықтар кез келген балада болатын қалыпты жағдай. Сондықтан жаңа ортаны жатырқаған баланың мазасызданып, үйренісе алмауы – заңдылық. Баланың бейімделуі кезінде барлық салмақ, әсіресе, ата-анаға түседі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Гүлфайруз ҚАНАТҚЫЗЫ,
тәрбиеші

Балаға берген уәдеге
берік болу маңызды

Осындай жағдай бізде өте көп кездеседі. Алғашқы күндері ерке балалар балабақшаға келгісі келмей жатады. Ондай кезде балаларды еркелетіп, назарын басқаға аударуға, көңіл күйін көтеруге тырысамыз. Ал ата-аналар балабақшаға балаларын екелген кезде оларға түрлі уәде береді де, бірақ кейін сол сөздеріне берген уәделерін орындамайды. Осылайша ата-ана баланың өзіне деген сенімін жоғалтады. Сол үшін бала да балабақшаға келуге қарсылық танытады.



сапалы білім алуына, әсіресе, ғылыми-техникалық бағыттағы үйірмелердің дамуына үлкен көңіл бөліп отыр.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып-білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Дәл қазір елімізде IT саласына ерекше басымдық беріліп отыр. Мәселен, білім беру жүйесінде робототехника – электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі туралы ғылым, механика және бағдарламалау.

Робототехника – бүкіл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағытына айналса, роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналады. Бір кездері өзіміз жиі айтатын «роботтар адамның көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды», – деген сөзіміз шындыққа айналғандай. Дарынды жастардың математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану ғылыми бейіндік пәндерден алған білімдері мен дағдыларын кіріктіре отырып, роботты техниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып, үйренетін кез келді.

Оқушылар сарайында оқушылар тек роботтар құрастырып, бағдарламалаумен шектелмейді. Олар осы үйірмелерде роботты техниканың шығу тарихынан бастап, оның түрлері мен қолданылу салаларын үйренеді. Осы саланың қазіргі таңдағы маңызын, пән ретінде робот техникасын қолдана отырып жобалау тәсілдерін меңгереді. Болашақта үйірмеден үйренген тәсілдер мен дағдылар олардың инженерлік, нұсқаушылық, шығармашылық идеяларын іске асыруға жол ашады.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!

«Almaty aqshamy» қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Almaty aqshamy» газет жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
3 айға – 1801,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
3 айға – 4861,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

ӘЛЕУМЕТ

Қолжетімді болады



Тұрғындарға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қолжетімді болуы қала билігінің үнемі назарында.

Азық-түлік өнімдерін шығаратын жергілікті отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында, сондай-ақ Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шеңберінде «Алматы» әлеуметтік-

кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ мен «Алсад Қазақстан» ЖШС арасында 1-санаттағы «Alsad» тауық жұмыртқасын 49,5 млн. данамен шығару және өткізу бойынша қарыз шарты жасалды.

«Alsad» бренді бірінші кезеңде «Magnum» супермаркеттерінің сауда желілері арқылы, ал екінші кезеңде қаланың басқа да ірі сауда желілерінде сатылатын болады.

Аталған жұмыртқаның сөредегі бүгінгі бағасы 448 теңге (10 данасы).

Алматы қаласы Статистика департаментінің апта сайынғы мониторингіне жүгінсек, қала бойынша 2 қыркүйектегі жағдайға сәйкес, 1-санатты тауық жұмыртқасының орташа бағасы – 486 теңге.

Нұр ЖАМАЛ.

Жұмыс жоқ емес, көп

Әсел
ДАҒЖАН

Мегаполисте жұмыссыздарға 1400 бос орын бар. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту орталығы мәлімдеді.

Аталған мекеменің арқасында биыл 21 мың алматылық табыс көзін тапқан. Бүгінде орталықпен 11 мыңдай жұмыс беруші ынтымақтастық орнатқан. Айтуларына, әлеуметтік жұмыс орны жұмыс беруші мен қызметкер үшін де бірдей тиімді. Себебі, кәсіпкер жұмыссыз азаматтардың жалақысына мемлекеттен субсидия алады. Мәселен, Назерке Рысқұлбек жоғары оқу орнын тәмамдаған соң жұмысқа орналаса алмай біраз жүрген. Осы орталық арқылы жұмыс тауып, қазір ол үлкен компанияның SMM қызметкері.

«2019 жылы университет бітірдім. Алғашқы 5-6 ай демалып, жұмыс іздей бастадым. Бірден табу қиын болды. Бүкіл мекеме тәжірибелі маман талап етеді. Мен университетті енді ғана бітірген соң тәжірибем болған жоқ. Кейін Жұмыспен қамту орталығы жайлы естідім. Соның арқасында қазіргі жұмысқа орналастым. Мұнда бәрі ұнайды», – деді Назерке Рысқұлбек.

Ал кәсіпкер Тимур Мәуелешов Жұмыспен қамту орталығымен 2 жарым жылдан бері тығыз байланыста. Ол автомобильдерді такси қызметі үшін жалға берумен айналысады. Мемлекет ұсынған бағдарламалар арқылы маманды жұмысқа алу өте тиімді дейді ол. Себебі, әр қызметкерге мемлекеттен арна-

йы субсидия бөлінеді. Бұл кәсіпкерлік нысанның еңбекақы шығынын едәуір азайтатын көрінеді.

«Жұмыспен қамту орталығы бізге көп көмегін көрсетті. Ең алғаш 2019 жылы бізге «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы негізінде 10 орын берді. Біз осы мамандықтарды толықтай игердік. Қызметкерлер енді ғана университет тәмамдаған жастар еді. Оларды бірден үлкен компанияға жұмысқа алмайтыны белгілі. Сондықтан әлеуметтік қолдау керек. Осы тұста мемлекетке жас кәсіпкерлерге субсидиялау арқылы қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіргім келеді», – деді кәсіпкер Тимур Мәуелешов. Мамандарға мұқтаж кәсіпкерлер enbek.kz сайтында «қызметкер іздеймін» батырмасы арқылы онлайн-режимде өтініш бере алады. Одан бөлек, платформада жұмыс іздеген тұрғындардың түйіндемесін қарауға мүмкіндік бар.

«Кәсіпкерге маман керек болса, Жұмыспен қамту орталығына келіп, өтініш бере алады немесе өз мекемесінің ЭЦҚ кілті арқылы біздің enbek.kz сайтында тіркеліп, өзінің тұрақты жұмысын жарияласа болады. Жұмыссыз тұлға еңбек сайтқа кіріп тіркеледі және бос орындарды көріп, өзі жолдаманы бұл жерге келмей-ақ ала беруіне болады», – деді қалалық Жұмыспен қамту орталығының бөлім жетекшісі Гаухар Әуелова.

Жыл басынан бері қалалық Жұмыспен қамту орталығы арқылы 11 мыңнан аса адам тұрақты жұмысқа орналасты. Ал 9 мыңнан астам алматылық уақытша табыс көзін тапқан.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ



теріне ұлағатты ұстаз, олардың тәрбиесіне, ғылымына үлкен мән беріп, басшылық жасаған тәлімгер. ардагер азамат болды. Оның осы оң істері бізге де, шәкірттеріне де естен кетпейтін бейнесі әлі талай уақыт есте қалады.

Достары – Амангелді Жахаңұлы, Бақытжан Айталиев, Әлібек Сәдуақасов, Владимир Сыдыков, Құралбек Ордабаев, Жұмабай Бұралқиев, Ергали Сағалбаев.

Алматы қаласындағы қазақ мектептерінің қалыптасуына үлес қосқан, марқұм Бөлек Байғожақызының сіңлісі
Елубай БАЙҒОЖАҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ұстаздар қауымы.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1

SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2

ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3

НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ



**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕР ҮШІН**
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

**23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР**
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

**1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА**



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

«АҚШАМНЫҢ» АСХАНАСЫ

Жеңіл-желпі салаттар



Қазір бау-бақшадағы жеміс-жидек, көкөністердің бәрі піскен уақыт. Дәл осы кезде табиғаттың ерекше сыйымен ағзамызды дәруменге толтырып, денсаулығымызды нығайтып алудың маңызы зор. Өйткені, жердің нәрін, күннің шуағын бойына сіңіріп өскен жемістер мен көкөністер денсаулыққа пайдалы.

Жалпы, қорытылуы қиын ауыр тағамнан гөрі, қоректік заттары мол, жеңіл-желпі салат әлдеқайда пайдалы. Салаттарды әзірлеген кезде көкөністерді бір-бірімен үйлестіре білсеңіз болғаны. Салаттарды таңғы, түскі, кешкі асқа да жей беруге болады. Жеңіл тағам жеу артық салмақтан арылуға көмектеседі. Біз осы орайда бірнеше жеңіл салаттың дайындалу әдісін ұсынғанды жөн көрдік.

НӘРЛІ САЛАТ

Құрамы: 300 гр. шалғам (редиска), 4 пісірілген жұмыртқа, 100 гр. жасыл пияз, 30 гр. аскөк (укроп), 30 гр. ақжелкен (петрушка), қаймақ немесе майонез. Піскен жұмыртқаны төртбұрышпап турап, шалғамды дөңгелектеп кесіп, пияз, аскөк, ақжелкенді ұсақтап турап, аздап тұз сеуіп араластырамыз да, үстіне қаймақ құямыз.

ҚЫРЫҚҚАБАТ САЛАТЫ

Құрамы: 4 дана қияр, 4 дана қызанақ, 0,5 кг. қырыққабат, 5 дана шалғам, 1 шай қасық тұз, 1 ас қасық зәйтүн майы (оливковое масло). Қырыққабатты жіңішкепеш тураймыз, қалған көкөністерді жартылай дөңгелектеп етіп турау керек. Туралған көкөністердің бәрін шұңғыл ыдысқа салып, тұз, май қосамыз.

Құрамы: 3 дана қызанақ, 0,5 кг. қырыққабат, 3 жұмыртқа, 200 гр. жүгері (кукуруз), 100 гр. ірімшік (сыр), 2 қасық қаймақ (20 %).

«АЛМАТЫ» САЛАТЫ

Құрамы: Ірілеу 2 жас баялды (баклажан), 4 түйір қызанақ, 3 түйір тәтті бұрыш, сарым-

сақтың 3 баданасы, бір ас қасық өсімдік майы, 2 шай қасық 3 процентті сірке суы, бір шай қасық көк, тұз бен бұрыш татымы мен дәмге қарай.

Баялдың жуып, қабығымен пешке (духовка) пісіріп аламыз. Содан соң қабығы аршылып, алдын ала дайындалған тәтті бұрыш, сарымсақ және көкпен бірге ұсақтап туралады. Көктің жартысын салатты әсемдеу үшін алып қалу керек. Қызанақ та ұсақтап туралады. Көкөністер араластырылып, үстіне өсімдік майы, сірке суы құйылады. Бұрышталып, тұздалады.

Осылай дайындалған салат арнайы ыдысқа салынады. Беті көктермен, жас қызанақ тілімдерімен әсемделеді, бұрыш себіледі.

КАРТОП САЛАТЫ

Құрамы: 5 картоп, кинза мен укроп, 5-6 черри қызанағы. Тұздыққа: 1/2 стакан кешью, 2 ас қасық қыша, чили бұрышының бір салымы, 2 түйір сарымсақ, 60 мл. лимон шырыны, 50 мл. су.

Картопты қуырып, кинза, аскөк және қас ортасынан кесілген черри қызанағын қосып, араластырамыз. Содан соң кешью жаңғағын, лимон шырынын, қыша, сарымсақ, су қосып, тұздық дайындау керек. Бұл өте жылдам әзірленетін әрі тойымды салат.

ЖЕМІС САЛАТЫ

Жүзім – 200–300 гр. айсберг салаты – 1 дана, ірімшік – 150 гр. алмұрт – 2 дана, табиғи йогурт – 125 гр. лимон және апельсин шырыны – 50 грамм, аскөк – 1 бума, тұз, бұрыш.

Алмұртты тазалап, өзегін кесіп, оны текшелерге кесеміз. Жүзімді екіге бөліп, сүйектерді шығарамыз, ірімшікті текшелерге бөлеміз. Салат жапырақтары салынған ыдысқа барлық жемістерді, дәмдеуіштері араластырып саламыз. Бетін аскөкпен сәндіейміз.

Әзірлеген Айнуір НҰРСАБЕТ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тастар да сөйлейді

Осыдан мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген адамдар өз үңгірлеріндегі тастарға талай нәрсені таңбалап кеткен. Біз сол суреттерге қарап, есте жоқ ескі замандардағы адамдардың қалай өмір сүргендігін, немен айналысқандығын біле аламыз. Мұндай суреттер жер-жаһанның түкпір-түкпірінде бар. Біздің қазақ даласында да тұнып тұр. Иә, бабаларымыз еңшіге қалдырған ұлан-байтақ даламыз – тірі галерея десек те болады.

Ал қазір басқа, дамыған заман. Нені, қайда, қалай бедерлеймін десеніз де мүмкіндік көп. Әрі бәрін қалағаныңыздай жеткізіп, бере аласыз. Мәселен, мына суреттегі екі сүйкімді кірпі тірі бейне сияқты, ә? Ал негізінде бұл



екі тас. Яғни суретші аяқтың астында жай жатқан тастарға жан бітірген. Ғажап!

Өнерде шекара жоқ

Шыны керек, қазір көбіміз жұмысбастымыз. Үйден гөрі, түзде көбірек жүретініміз рас. Сондықтан кейде үйдегі баламыздың өзімен-өзі қалғанда немен айналысып жүргенін да хабарсыз болатынымыз бар. Ал көп баланың томаға-тұйық жүріп, адамның ойына келмейтін істер істеуі бек мүмкін. Мәселен, Кайл Бин есімді ағылшындық дизайнер бала күнінде ешкімнің көмегінсіз қызық та, өзгеше идеяларын жүзеге асырып жүріпті. Ал бүгінде белгілі тұлға айналған.

Кәдімгі жұмыртқаның тез сынғыш жұқа қабықтарынан құраған мына «тауықта» қаншама еңбек жатыр десенізші!



Қара мысық сыйлайды

Ежелгі адамдар қара мысықты мыстан әйел бейнесін жамылған жануар деп сенген. Тіпті, бақсылар өздерінің ритуалдарында дәл осы мысықтардың миын пайдаланған деген деректер де бар. Алдыңды қара мысық кесіп өтсе, сол күні жолың болмайды деген ұғым да ертеден қалыптасқан сынайлы.

Ал бүгінде қара мысыққа құрметпен қарайтындар да аз емес екен. Мәселен, кейбір елдерде спектакль басталар кезде көрермен залында кенеттен қара мысық пайда болса, онда сол күнгі қойылым өте сәтті, табысты өтеді деген ұғым бар екен.

Англияның кей өңірлерінде үйлену тойы кезінде қалыңдыққа табыс және бақыт әкеледі деген ырыммен қара мысық сыйға ұсынылады. Ал қара мысықтың жүнінің арасынан тапқан жалғыз тал ақ қылын еш жерін мысыққа тырнатпай сәтті жұлып алған



адамның байлығы асып төгіліп, ұзақ та бақытты ғұмыр сүреді-мыс.

Сондықтан қара мысықтан анау айтқандай қорықпасақ та болады екен.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.